



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№38 (627)
25 қыркүйек,
2025 жыл

Қазақ спортының тарихында ел намысын тамған тердің, тынымсыз еңбектің арқасында қорғаған саңлақтар саны аз емес. Сол намыстың жүгін арқалаған сайып қыранның бірі – Айдос Сұлтанғали. Хорватияның Загреб қаласында өткен әлем чемпионатында ол 60 келіге дейінгі салмақта қарсыласын қапы қалдырып, финалда өзбек балуаны Алишер Ганиевті 9:0 есебімен мерзімінен бұрын жеңді. Бұл жеңіс сырбойлықтардың ғана емес, күллі қазақтың мерейін үстем еткені анық.

ҚАЗАҚТЫҢ ДАҢҚЫН АСЫРҒАН АЙДОС

Айдостың жетістігі қазақ жанкүйерлерінің талай жылдан бергі арманын орындады. Соңғы рет әлем чемпионатында алтын медальды 1998 жылы қазақстандық балуан Бахтияр Байсеитов иеленген еді. Міне, араға 27 жыл салып, қазақ еліне сол жеңісті Сырдың перзенті әкеліп отыр. Айдос – ХХІ ғасырдағы Қазақстанның алғашқы чемпионы.

– Айдос Сұлтанғалиды Әлем чемпионатындағы жарқын жеңісімен құттықтаймын! Ол – грек-рим күресінен осы ғасырдағы тұңғыш жеңімпаз. Балуандарымыздың жеңісті жолды жалғастыра беруіне тілектеспін! – деп құттықтады Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

8-бетте

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ:

СЕНІМ МЕН СЫН

Жәрдемақының қоғамдағы рөлі жайлы сөз қозғалғанда, мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының тиімді жұмсалу мәселесі алға шығады немесе сол көмектің шынымен мұқтаж жандарға жетуі қажет екені ойландырады.

Кейінгі уақытта Үкімет тарапынан кейбір күмәнді әрі тиімсіз төлемдерге тоқтау қою қажет екені туралы әңгіменің төбесі көрініп жүр. Өйткені әлеуметтік қолдаудың мақсаты – масылдықты қалыптастыру емес, әлсіз топтарға нақты демеу болу. Дегенмен «қысқартылатын жәрдемақылардың ішінде расында да халыққа ауадай қажет түрлері болмай ма?» деген сұрақ та көпшіліктің көкейінде көптен бері бар.

Қазіргі қоғамда «жәрдемақы – тек ақша» деген жеңіл түсінік болып қалыптасып бара жатқандай. Алайда шын мәнінде, ол – әлсізге сүйеу, қауқарсызға демеу, бейқам жұрттың көңіліне сенім ұялататын саяси-әлеуметтік институт. Халық арасында «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Мемлекет пен қоғам арасындағы бұл «жүк» – тұрмыстың ауыртпалығы. Сол ауыртпалықтың бір бөлігін мемлекет мойнына алып, халыққа көмек қолын созып келеді.

Әлеуметтік жәрдемақылардың ең



КОЛЛАЖ А.НҰР

3-БЕТТЕ

2025
жылдағы
өзгерістер

топтарын қорғау. Бұл – балалар, көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар, зейнеткерлер және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жандар. Өмірдің әр кезеңінде әрбір азамат түрлі қиындыққа тап болады. Бірі дүниеге келген шақта ата-анасына қуанышпен бірге жауапкершілік артса, бірі еңбек жолын аяқтаған соң қариялық шаққа жетеді. Сол сәттердің бәрінде мемлекет жәрдемақы арқылы қол ұшын беретіні рас.

басты
мақсаты

– қоғамның әлсіз

Бұл жыл әлеуметтік саясат тұрғысынан ерекше маңызға ие. 2025 жылдан бастап халықтың күнкөріс деңгейін жақсартуға бағытталған бірқатар өзгеріс күшіне енді. Ең алдымен айлық есептік көрсеткіш 3 932 теңгені құрап, бұған байланысты көптеген әлеуметтік төлемнің мөлшері қайта есептелді. Сонымен қатар ең төменгі жалақы 85 мың теңге көлемінде сақталса, ең төменгі күнкөріс деңгейі 46 228 теңгеге дейін өсті.



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЖАСТАР ҚҰРҒАН ІТ СТУДИЯ

ІТ туралы тарқатқанда көптің ойына бірден Кремний алқабы, әлемдік алпауыттар мен шетелдік стартаптар келеді. Ал шын мәнінде, қазір Қазақстанның өзінде жастардың қолынан туған тың жобалар елдің цифрлық болашағын қалыптастырып жатыр. Соның бірі – қызылордалық дарындар қолға алған Hub Tech IT студиясы.

Оның негізін қалаған жас ІТ-әзірлеуші – Ғұбайдулла Орынбеков. Әуелде шағын идеядан басталған бұл бастама бүгінде білім беру, бизнес, ғылым мен мемлекеттік секторға арналған 10-нан астам жобаның дамуына үлес қосып, онлайн оқытуға арналған интеллектуалды жүйе жасап, кросс-платформалық қосымшаларды жүзеге асырған. Ғұбайдулланың айтуынша, студияның басты мақсаты – ақылды технология арқылы қоғамға пайда әкелу.

5-бетте

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ

ЖАСТАРДЫ

ҚАЛАЙ ҚОЛДАП ЖҮРМІЗ?

Таң қылаң бере, сағат тілі 6-ға жетпей-ақ, жігіттер көлікжайға жиналады. Олар мұнда бас қосады да, техникаға жанармай құйып, қолдарына жолдаманы ұстаған күйі бет-бетімен тапсырмамен жолға шығады. Олар жұмыс таңдамайды. Күзгі егін жинау науқанында диқандардың ала жаздайғы еңбегін ысырап етпей, қырманға түсіріп алу керек. Сондықтан олар үшін әр секундтың маңызы зор. Десе де елімізде ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін жастарға қатысты қандай қолдау бар? Мемлекет тарапынан қамқорлықты сезініп жүр ме? Ауылдағы жастардың бейнетке толы тіршілігін айта отырып, олардың қолтығынан демейтін қандай қолдау бар екеніне де тоқталдық.

Мейірімхан Бекбергенов 2013 жылы Қоғалықөлдегі мектепті бітіре сала трактор тізгіндеді. Әкеден қалған арғымақ қайда қашып құтылсын, ауылда басына жіп түспеген асау тайды жөнге салғандай, көк трактордың тілін тез-ақ менгеріп кетті. Әдепкіде газ электрмен пісіруші болып еңбек еткен. Үнемі қозғалысты, қарбалас тірлікті ұнататын Мейірімхан

дәнекерлеу аппаратын техникаға ауыстырып, бір-ақ күнде механизатор атанды. Міне, содан бері ол көктемгі дала жұмыстарынан бастап күзгі егін жинауға дейін тыным таппай келеді.



КОЛЛАЖ А.НҰР

4

ХАЛІҢ ҚАЛАЙ, ЖАС ҚАЛАМҒЕР?

Кейінгі жылдары әдебиет жайлы әңгіме қозғала қалса, алдымен «балалар әдебиеті әлсіреп кетті» деген қынжылысты естиміз. «Қазақ балалар әдебиеті өлді» деп ашына сөйлейтіндер көбейді. Бұған қарап бір ғана жанрдың емес, тұтас жас қаламгерлер буынының тынысы тарылып тұрғанын аңғару қиын емес. Өйткені балаға арналған кітап азайса, өскелең ұрпақ оқырмансыз қалады, ал оқырмансыз жазушы да өспейді.

Бұл – бүгінгі ғана емес, ертеңгі әдебиеттің тағдырына тікелей әсер ететін мәселе. Осы орайда жас әдебиетшілерді қолдау мәселесі қол бұлғайды. Елімізде қазіргі буын қаламгеріне қандай қолдау бар? Осы сауал төңірегінде аздаған ізденіс жасап, жас жазушылардан пікір алған едік.

7-бетте

2500
ЖЫЛДЫҚ ТОҒАЗЫТҚЫШ

8-БЕТТЕ



ТОЛҚЫННАН ШАБЫТ АЛҒАНДАР ТЕҢІЗІН ЖОҚТАП ЖЫР ЖАЗҒАН

Аралдың ақ толқынынан шабыт алып, теңіз жағасында талай жан қалам тербеді. Бірі прозаға бағыт алса, енді бірі поэзияға жол тартып, өздерінің биігін бағындырды. Бірақ олардың кеуде сарайында теңізге деген сағыныш мәнмұндалап тұр. Мұны Аралдан шыққан әр қаламгердің туындысынан байқауға болады. Ақбастының төл перзенті Өтебай Серәлі дүниежүзілік теңіз күні қарсаңында «Жырлайды теңіз жырлайды» және «Теңіз әңгімелері» атты қос кітаптың тұсауын кесті.



Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада өткен жиянға зиялы қауым өкілдері, кітапхана оқырмандары мен мектеп оқушылары қатысты. Олар қаламгердің туындылары арқылы өткен ғасырда көлемі жөнінен әлемде төртінші орын алған теңіздің бүгінгі тағдырына назар салды. Теңіздің буырқанған толқынын көзімен көргендер табиғаттың жанайқайын жеткізді. Өтебай Серәлінің өлеңдері мен әңгімелерінде Ақбасты ғана емес, Аралдың өткені мен бүгінгі сөз болған.

– Аралдың қасіреті – әлемнің қасіреті. Кешегі теңіздің қайнаған тіршілігін көзбен көрген біздің қаламымыздан тулаған толқынға деген сағыныштың қылаң беруі – заңдылық. Менің кейіпкерлерім – Арал халқы. Ақбастының әрбір тұрғыны менің туындыларымда тұр. Бұл – туған жердің алдындағы перзенттік парыздың бір бөлігі ғана. Әбдіжәміл ағамыз «Қан мен терді», «Соңғы парызды» да осы елдің алдындағы парызындай етіп жазып кетті. Қалам ұстаған біз де соған ниеттіміз. Бала күнгі шомы-

лып өскен, жағасында ер жеткен теңіз қайтып келсе екен деген үлкен арман мен сағыныш қолға қалам ұстатты, – дейді Өтебай Серәлі.

Жиында акын өлеңдері оқылды. Ал прозаларынан кітапхананың жас оқырмандары қойылым даярлап, көрермен көңіліне жол тапты. Сыр елінің талантты перзенті Бексұлтан Орынбасар терме айтып, ұлттық өнердің ұлылығын паш етті. Ал «Тұран-Арал» қоғамдық қорының мүшесі Өлібек Сабырбаев қаламгер шығармаларындағы Аралды қайтару жолын қарастыратын қадамдарға тоқталды.

– Көп жыл мұнай саласында жұмыс істедім. Мамандығым – инженер-гидротехник. Өткен жылдан бастап қорға мүшелікке өтіп, Арал мәселесімен айналысып жүрмін. «Құмда қалған кемелер» деген кітап та жаздым. Аралдың мәселесін 1988 жылы Еркін Әуелбеков Мәскеуде мінберде айтып, содан бері қозғау салынған. Аралға су керек деп дабыра қылғаннан мәселе шешілмейді, түйткілді тарқатудың бірнеше жолы бар. Ең біріншісі, суды ұрпап пайдалануды доғару керек. Түркістанда негізгі жоспардан бес есе артық күрші егілгенін

естідік. Сала министрі бір жылда үш рет келді. Бұл тегін емес, осы жағдайды көзімен көріп, мәселеге төтесінен қарап жүр. Мен сіздерге бір дерек айтайын, Өзбекстанда 44 миллиард текше метр өлі су жатыр. Ол – біздің су, алайын десек, жер – өзбектікі. Осындай үлкен мәселелер бар, – деді ол.

Акын Ержеңіс Әбдінің туған ауылға арнаған «Балықшылар ауылы» деген өлеңі бар. Сол өлеңнің: «Біздің елде осындай

бір ауыл бар,

Көк теңізге кіндігімен байланған», – деп келетін жолдары ойға оралғанда теңіз төсіндегі әр жанның биік-биік армандары да Аралдың айналасындағы тіршілікке жан бітіп, қайырда қалған қайықтардың ерсілі-қарсылы шапқылауы екенін білесіз. Иә, кітаптың өң бойын-да Аралды жағалай жайғасқан ауылдың біз айтқан армандары айғайлап тұр.

Айтпақшы, кітаптың тұсауын кесу құрметіне Өлібек Сабырбаев, Еркін Әбіл мен Гауһар Қожахметова ие болды.

Аян СПАНДИЯ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ — ҚОҒАМ БАЙЛЫҒЫ

Қоғамдағы әйелдердің рөлін айшықтау, отбасы құндылықтарын дәріптеу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу – күн тәртібіндегі мәселеңіз бірі. Осы орайда жақында Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы облыстық аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Адал еңбек – нәзік жандар» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға ҚХА жанындағы республикалық аналар кеңесі төрағасының орынбасары Баян Ахатай, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының психологы Айсулу Нұрманбаева, отбасы қолдау орталығының маманы Айгүл Мешітбаева, облыстық полиция департаментінің өкілі, полиция майоры Замира Сайгондықсызы, сондай-ақ коммуналдық қызмет өкілдері мен әлеуметтік көмек алушы азаматтар қатысты. Жиынды облыстық аналар кеңесінің төрағасы Айгүл Мұсабаева жүргізді.

Баян Ахатай өз сөзінде жастарды еңбекке баулудың маңызына тоқталып, отбасының тұрақтылығы мен ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілік жайында ой қозғады. Оның айтуынша, кейінгі жылдары отбасы институтына әсер ететін келеңсіз факторлар –

ажырасу деңгейінің артуы, нашакорлықтың жасаруы – алаңдатарлық жағдай.

– Өркениетті қоғамның негізі – мықты отбасы. Ал берекелі отбасының тірегі – адал еңбек. Сондықтан ата-ана да, жас ұрпақ та осы құндылықтарды жадында ұстап, өнеге етуі тиіс, – деді ол.

Жиында қатысушылар нәзік жандардың қоғамдағы орнын, еңбектегі қажыр-қайратын атап өтіп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тетіктерін талқылады. Шара аясында психологиялық тренинг ұйымдастырылып, дөңгелек үстел жұмысы қорытындыланды. Басқосу соңында әйелдердің адал еңбегін бағалау мен қоғамдағы мәртебесін көтеру – баршамыздың ортақ парызымыз екені ерекше айтылды.

«АЖ ақпарат»

ҚЫЗЫЛОРДА ҚЫСҚА ДАЙЫН

Бүгінде өңірде жылу беру маусымына дайындық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Аймақтағы әлеуметтік нысанның барлығы жылу беру маусымына толық дайын.

Сонымен қатар облысқа қажетті 139 мың тонна көмірдің 30,6 мың тоннасы жеткізілген. Қалған көлемі кезең-кезеңімен толықтырылады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин айтты.

– Биыл жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 13,5 миллиард теңге қаржы жоспарланған. Қызылорда жылу электр орталығының Оңтүстік қазандықтың «Боно энерджи» маркалы үш бу қазандығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға Үкімет резервінен 2,5 миллиард теңге, жергілікті

бюджеттен 1,3 миллиард теңге бөлінді. Қазір 1 дана қазандық орнатылды, қалған 2 қазандық осы аптада нысан басына жеткізіледі. Бұл жұмыстар 10 қазанға дейін толық аяқталады. Облыс бойынша жылу желілерінің тозу деңгейі 42%-ды құрайды. Биыл 8,7 шақырым жылу желілерін жаңғыртуға қаражат бөлінді. Сондай-ақ электр энергиясымен қамту желілерін жаңғыртуға 5,9 миллиард теңге бөлініп, ол қаржыға 280 шақырым электр желілері мен 87 дана қосалқы станция жаңғыртылып жатыр, – деді Медет Усаин.

Қызылорда облысының өңірлік коммуникациялар қызметі



ӨЗ ДӘУІРІНІҢ ШЕЖІРЕСІН ЖАЗҒАН

Қазақта «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген керемет сөз бар. Белгілі қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ҚР Мәдениет қайраткері Жақсылық Рахматуланың кейінге қойған хаты да, қаламгерлер арасында алтын әріптермен жазылған аты да – кейінге мұра. Таяуда Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада қаламгердің туғанына 80 жыл толуына арналған ғылыми-танымдық конференция өтті.

– Биыл Қызылорда қаласының астана болғанына және ұлтымызға «Қазақ» атауының қайтарылғанына –100 жыл. Бұл ғасырлық белес Сыр өңірінің рухани әлеміне серпіліс тудырып, небір тарихи дерек жарыққа шығып жатыр. Егер осы жүзжылдық тарихынан бері қарай тін тарқатсақ, өлкенің өшпес шежіресін жасап, ұлт рухын көтеруде қажырлы қызмет еткен, талай құнды дерек қаттап, еңбек адамының мерейін өсірген баспасөз қатарында «Сыр бойы» газетінің орны бөлек. 1929 жылы бірінші нөмірі жарыққа шыққан басылым енді төрт жылдан кейін өзінің жүз жылдық белесін бағындырады. 1979 жылы басылым өзінің 50 жылдығына орай мемлекеттік награда «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Ал 10 мыңыншы саны жарыққа шыққанда Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің төралқасы газетті республика жоғарғы кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапаттады.

Бір айта кетерлігі, Ресей мемлекеттік кітапханасынан алған құжаттар барысында осы уақытқа дейін аты аталмай келген жауапты, яғни, газетке қол қойған редакторлар анықталып, «Сыр бойының» әдепкі уақыттағы жауапты редакторлары қатары жаңа есімдермен толығып отыр, – деді «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Әбішұлы.

Жиында облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров қаламгердің журналистік болмысына тоқталды.

– Жақсылық Шайманұлы – өз дәуірінің

шежіресін жазған қаламгер. Сыр елінің тыныс-тіршілігін, халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін газет жазбаларына арқау етіп, журналистиканы халыққа қызмет етудің шынайы құралына айналдырды. Оның шығармаларында өмірдің өзекті мәселелері, қоғамды алға бастайтын ой-пікірлер өрбіді. Қызмет жолында баспасөздің түрлі салаларында еңбек етіп, жас журналистердің өсіп жетілуіне ықпал етті, – деді Артур Раушанбекұлы.

Конференцияда сондай-ақ, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы Аягөз Әбдіразақова, қаламгердің шәкірті, акын Дүйсенбай Аяшұлы, белгілі журналист, қоғам қайраткері, саясаткер Рысбек Сәрсенбайұлы, қоғам қайраткерлері Нәжмадин Мұсабаев, Ибрагим Абибуллаев және Дайрабай Ысқақовтар сөз сөйлеп, Жақсылық Рахматуланың өмірі мен шығармашылығына, азаматтық ұстанымына тоқталды.

Өңірдегі бірқатар аудандық және облыстық басылымдарда жауапты қызмет атқарған Жақсылық Шайманұлының «Алыстай қарған аяулым», «Өмір самалы», «Болашаққа сенім», «Ғұмырлария», «Жібек жолындағы жұлдыздар», «Сағым жылдар», «Киев», «Хикаяттар», «Дала толғауы», «Менсұлу», «Қызғалдақ қалың шыққан жыл» топтамасы – қазақ еліне қалдырған мол мұраның қатарында.

«АЖ ақпарат»

САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕ ӨЗГЕРІС КӨП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 18 шілдеде жаңа салық кодексіне қол қойды. Құжат еліміздің салық жүйесін заман талабына сай жетілдіруге бағытталған. Кодекстің басты ерекшеліктерінің бірі – табыс деңгейіне қарай сараланған салық ставкаларының енгізілуі. Бұл әдіс әділдік принципін сақтап, әлеуметтік теңгерімді қамтамасыз етуді көздейді.

Осы орайда өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық кірістер департаменті басшысының орынбасары Асқар Елеманов жаңа салық кодексіндегі өзгерістер мен жаңалықтар жайлы кеңінен баяндап берді. Оның айтуынша, жаңа құжатта бірнеше негізгі бағыт айқындалған.

– Жаңа құжаттағы басты өзгерістер мынадай: сараланған салық ставкалары енгізілді, ҚҚС реформаланды, «Сән-салтанат салығы» пайда болды, арнайы салық режимдері өзгертілді, салық жеңілдіктерінің ашық әрі нақты ережелері әзірленді, салықтық әкімшілендіру цифрландырылды, сервистік модельге көшу қарастырылды, сондай-ақ салық есептілігінің нысандары 30%-ға қысқарды, – деді Асқар Сейдекерімұлы.

Оның сөзінше, корпоративтік табыс салығы да сараланған тәртіппен белгіленген. Жекеменшік қызмет түрлерін қоспағанда, КТС ставкасы табыстың 20%-ы көлемінде алынады. Мәселен, банк қызметінен – 25%, ойын бизнесінен – 25%, ал әлеуметтік саладағы ұйымдар үшін 2026 жылдан бастап 5%, 2027 жылдан бастап 10% мөлшерінде белгіленген. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін ставка бар болғаны 3%-ды құрайды.

ҚҚС бойынша да маңызды өзгерістер бар. Асқар Сейдекерімұлы 2026 жылдан бастап ҚҚС мөлшерлемесі 16% болып бекітілетінін айтты. Ал медицина саласында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар үшін төмендетілген 5 және 10 пайыздық мөлшерлемелер қолданылады. Сонымен бірге отандық мерзімді баспасөз басылымдарына да жеңілдік қарастырылған. Жеке табыс салығы



да прогрессивті шкала бойынша есептеледі.

– Егер азаматтың жылдық табысы 35 миллион теңгеге дейін болса, оған 10% мөлшерінде салық салынады. Ал бұл көрсеткіштен асқан жағдайда артық сомасына 15%-дық мөлшерлеме қолданылады, – деді департамент басшысының орынбасары. Сондай-ақ жеке практикамен айналысатын адамдарға 9%-дық ставка белгіленген. Әлеуметтік салық саласында да өзгерістер бар. 6 пайыздық мөлшерлеме енгізіліп, әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардың байланысы алынып тасталды. Ал ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін кәсіпкерлер үшін бұл көрсеткіш 1,8% болып бекітілді.

Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу тәртібі де қайта қаралды. Енді пайдалану мерзімі 10 жылдан асқан жеңіл көліктерге – 0,7, 20 жылдан асқандарына – 0,5 коэффициент қолданылады. Бұл ретте шаруа қожалықтары пайдаланатын бір пикап көлігі салықтан босатылады.

– Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлеріне салынатын салық көлемі қырық есеге дейін ұлғайтылады. Сондай-ақ мүлік салығының да тәртібі жаңартылып, енді мүлік әр үш жыл сайын қайта бағалануы тиіс, – деді спикер.

Акциздер бойынша да айта кетейік, алкоголь, темекі және энергетикалық сусындарға салынатын салық мөлшері кезең-кезеңімен ұлғаяды. 2026 жылдан бастап энергетикалық сусындарға литріне

100 теңге көлемінде акциз енгізіледі, ал 5 жыл ішінде ол 240 теңгеге дейін көтеріледі.

Жаңа салық кодексінде арнаулы салық режимдері де онтайландырылған. Енді олар үш түрге біріктірілді: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа немесе фермер қожалықтары үшін.

Асқар Елемановтың айтуынша, салықтық тексерулердің тәртібі де өзгерді. Жоспарлы тексерулер алынып тасталып, тек нақты негіздер болған жағдайда ғана жүргізіледі. Сонымен қатар уақытша қаржылық қиындықтарға тап болған кәсіпкерлер үшін салықты бөліп төлеу жеңілдіктері қарастырылған.

– Жаңа салық кодексі қоғам мен бизнестің сұранысына сай жасалды. Ол салық төлеушілердің құқығын қорғауды күшейтіп, қолайлы салық ортасын қалыптастыруға бағытталған, – деп түйіндеді сөзін Асқар Сейдекерімұлы.

Бұл өзгерістердің тиімділігі ең алдымен салық салу жүйесін жеңілдетіп, ашықтықты арттыруға бағытталған. Сарапшылардың айтуынша, бұл өзгерістер кәсіпкерлердің жүктемесін азайтып, көпелікті экономиканы қысқартуға ықпал етеді. Сонымен қатар салық төлеу тәртібінің цифрландырылуы халық үшін де қолайлы жағдай туғызып, мемлекет қазынасына түсетін түсімдердің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

А.ОРАЛБАЙ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ: СЕНІМ МЕН СЫН



Мемлекет Басшысы осы турасында өткір ойын жеткізіп, кейбір ел азаматтарының «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге үйреніп алғаны» туралы айтты. Десе де пікір екі жақты...

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова да бұл бағыттағы реформалардың мәнін ашып берді. Оның айтуынша, кейбір төлемдер әділетсіз әрі тиімсіз. Мәселен, мүгедектігі бар баланы үйде оқыту үшін берілетін 500-3000 тенге көлеміндегі төлем ата-ананың міндетін екі қайтара қаржыландыру болып шыққан. Сондықтан мұндай нормалар қайта қаралады.

Әлеуметтік саясаттағы ең басты түйткіл – мемлекеттік қолдаудың әділ әрі максатты бөлінуі. Азаматтардың әл-ауқатын арттыру үшін бөлінетін әрбір тенге нақты нәтижеге бағытталуы тиіс. Өйтпесе халық арасында «ақша бар, бірақ әділдік жоқ» деген түсінік қалыптасып, жүйеге деген сенімге сызат түседі.

Қазақстанда 2 миллион 503 мың зейнеткер бар. Олар үшін де осы жыл жағымды жаңалыққа толы болды.

– Былғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикалық бюджеттен төленетін жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 142 894 тенге болды. Оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 95 326 тенге, базалық зейнетақы – 47 568 тенге, – дейді уәкілетті орган.

Бұл – ресми дерек. Ал қарапайым халық үшін бұл сандар – күнделікті тұрмыстың есеп-қисабынан артылмайтыны анық. Әсіресе зейнеткерлер үшін ең төменгі мөлшердің өсуі – қариялардың «бір күнін бір күнге жалған» отырған тіршілігін жеңілдетеді.

Қариялар зейнетақы қорында жиналған сомманы қолдана отырып, тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасын салымды толықтыруға, жинақ жүйесі арқылы алынған ипотекалық қарыздың бір бөлігін жабуға, жалпы ипотекалық қарызды ішінара өтеуге немесе азаматтық-құқықтық мәміле бойынша тұрғын үйді толық сатып алуға пайдалана алады. Сондай-ақ жиналған қаражатты стоматологиялық, офтальмологиялық және өзге де медициналық қызметтерге пайдалануға болатын еді. Алайда заңсыз әрекеттерге байланысты кейбір медициналық бағыттар бойынша мұндай мүмкіндік тоқтатылды. Өкінішке қарай, бұл адал еңбекпен жиналған қаржыдан арам пайда көріп қалғысы келгендердің кесірі.

АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖӘРДЕМАҚЫЛАР

Жәрдемақы жүйесінің ең ауқымды бөлігі – ана мен балаға көрсетілетін қолдау екені белгілі. Өйткені бала – мемлекет үшін де, ұлт үшін де болашақтың кепілі. Осыны ескерген мемлекет әрбір сәбидің өмірге келуін қуанышпен қарсы алып қана қоймай, отбасына қаржылай демеу көрсетеді. Мәселен, алғашқы үш балаға берілетін біржолғы жәрдемақы мөлшері 149 416 тенге болса, төртінші және одан кейінгі балалар үшін төлем көлемі 247 716 тенгеге жетеді.

Ал бала дүниеге келгеннен кейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақы мөлшері де артты. Бірінші бала үшін төлем 22 648 тенге болса, екінші балаға 26 777 тенге, үшіншісіне 30 866 тенге, ал төртінші және одан да көп балаға 34 995 тенге көлемінде қаржы бөлінеді. Осылайша мемлекет отбасының жүгін жеңілдетіп, аналардың алаңсыз баласын бағып-қағуына жағдай жасауға тырысып отыр.

Бұл сандардың артында мыңдаған ананың еңбегі, миллиондаған баланың қамқорлығы жатыр. Көпбалалы отбасыларға төленетін жәрдемақы 63 мыңнан 110 мың тенгеге дейін жетеді. Ал «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иелері ай сайын қосымша 25-29 мың тенге көлемінде алады.

2025 жылғы 17 шілдеде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сәйкес, жыл басынан бері мемлекеттік жәрдемақылар мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленген төлемдердің жалпы сомасы 437,7 миллиард теңгені құрады. Бұл көмекпен 369,1 мың адам қамтылған.

Тек бала туғанда берілетін жәрдемақының өзі 30,6 миллиард теңгеге жеткен. Оны 169,2 мың адам алған. Бұл қолдауға бала туған, асырап алған, қамқорлыққа алған ата-аналар, қандастар

мен Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктер де үміткер бола алады.

Ал бала күтімі бойынша жәрдемақыға 21,7 миллиард тенге бөлінген. Орта есеппен 123,8 мың адам қамтылды. Жүктілік пен босануға байланысты төлемдер де қомақты. 2025 жылдың алғашқы жартысында бұл төлемдерге 166,9 миллиард тенге бөлініп, 116,1 мың әйел қамтылды. МӘСК арқылы бала күтіміне байланысты табысынан айырылғандарға төленетін әлеуметтік төлем де бар. Ол соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды. 2025 жылдың алты айында бұл максатқа 218,5 млрд тенге бөлініп, 129,2 мың адам қамтылды. Орташа айлық төлем – 89 881 тенге.

Бұл сандардың өзі-ақ мемлекеттің әлеуметтік салаға бөлетін қаржысының ауқымын көрсетеді.

КӨЛЕҢКЕЛІ «КӨМЕК»

Иә, ана мен балаға әлеуметтік жәрдемақы біраз бағыт бойынша қанағаттанарлық деңгейде өтелетінін білдік. Ендігі кезекте шығынның да көлемі артқаны туралы қозғасак.

Мамандардың болжауынша, бұл өсімнің негізгі себебінің бірі – жүктілік пен босануға байланысты төлемдер төңірегіндегі «күмәнді схемалардың» кеңінен қолданылуы. Яғни кейбір өтініш берушілер мен жұмыс берушілер әлеуметтік сақтандыру жүйесін айналып өтіп, заңдағы осал тұстарды өз мүдделеріне пайдаланып жүр.

Әсіресе шын мәнінде еңбек етпей жүрген азаматтардың кейінге қалдырылған мерзіммен ең жоғары табыстан (жеті ЕТЖ) аударымдар енгізіп, мол көлемде төлем алуы – әділеттілікті бұзған негізгі фактор. Мұндай жағдайлар жүйеге адал қатысып жүрген аналардың төлемдерімен салыстырғанда бірнеше есе артық қаражат алуға мүмкіндік берген. Осындай әрекеттердің нәтижесінде, қоғамда әділетсіз жүйе қалыптасып, сенім дағдарысы күшеюі бек мүмкін.

Бұл жағдай мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының тұрақты жұмысын да қиындатып отыр. Қор активтерін уақытылы қаржыландыру үшін қысқартуға мәжбүр болу – қаржылық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеліп соққан. Экономистердің айтуынша, егер бұл мәселе уақтылы шешілмесе, жүйенің қаржылық тұрақтылығы алдағы үш жылдың ішінде-ақ шайқалуы ықтимал. Ақтуарлық бағалау бойынша, ең күрделі кезең 2028 жылға сәйкес келуі мүмкін.

Сол себепті Үкімет үшін қазір міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін қайта қарауды жүктейді. Параметрлік өзгерістер енгізу арқылы әділеттілік пен қаржылық тұрақтылықты қатар сақтау мүмкін болмақ.

Премьер-министрдің сөзі осы тұрғыдан алғанда айқын бағдар береді.

– Барлық күмәнді және тиімсіз әлеуметтік төлем мен жәрдемақыларды алып тастау қажет. Болды. Осы мәселеде нүкте қою керек. Біз әлеуметтік әділеттілікті сақтап, масылдық пиғылды азайту үшін шаралар қабылдайтын боламыз. Үкіметтің міндеті – барлығына бірдей жағдай жасау. Ал азаматтар жұмыс істеп, өзін және өз отбасын асырауға ұмтылуы керек. Мемлекет басшысы дәл осы мәселеге айрықша көңіл бөліп отыр, – деді Олжас Бектенов.

Бұл сөздерден Үкіметтің негізгі ұстанымы анық: мемлекет – қолдаушы, бірақ негізгі күш – еңбекке жарамды азаматтың өзінде. Өткен жылы

БАЛАБАҚШАЛАРДЫҢ БАЛА ТАСЫМАЛЫНА ҚҰҚЫ ЖОҚ

Бала тасымалына байланысты күнделікті рейд ұйымдастырылуда. Бүгінге дейін өңірде арнайы жұмысшы топ әр түрлі бағыт бойынша 93 балабақшаға ескерту берген. Егер кемшілік жойылмаса, оларға мемлекеттік тапсырыс берілмейді.



– Өкінішке қарай, балаға жағдай жасауды емес, бас пайдасын ойлайтындар да бар. Бүгінге дейін өңірдегі 374 жеке меншік балабақшаның 106-сы бала тасымалымен айналысып келген. Кейінгі уақытта балабақшаның тасымал көлігінің қатысуымен екі мәрте жол-көлік оқиғасы болды. Екеуінде де бала саны орындық санынан көп. Тасымалданатын баланың жасы 7 жасдан кем болмау керек екенін ескерсек, балабақшалар заңсыз тасымалмен айналысқан, – дейді А.Есжанов.

Қызылорда жеке балабақшалар саны жөнінен облыстар арасында Түркістан мен Алматы облыстарынан кейінгі үшінші орынға табан тіреген. Ал қалалар арасында алтыншы орында. Облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбетов бұл жердегі мақсат әлдекімдердің жұмысын тоқтату емес, баланың саулығын, қауіпсіздігін ойлау екенін айтты.

– Өрине елде кәсіпкерліктің дамуы, өркен жаюы қуантады. Бірақ барлығы талапқа сай болуы керек. Балабақшаларға ата-аналардың көңіл толмаушылығы да жетерлік. Улану, ұрып-соғу, жол апаты тәрізді жағдайлар

көбейді. Бүгінге дейін 93 балабақшаға әр түрлі бағытта ескерту берілген. Олар кемшіліктерін жоймаса, мемлекеттік тапсырыс берілмейді. Өңірде 39 жеке мектептер желісі жұмыс істейді. Оларға да басты мақсат сапалы білім беру керегі ескертілді. Қазір сол 39 жеке мектепте 136 зейнеткер ұстаз жұмыс істейді. Зейнеттегілер жұмыс істемесін демейміз, бірақ біліктілігі жоғары сапалы маман кадрларды толықтыру керек, – дейді М.Шермағамбетов.

Балабақша мәселесінде типтік жобаға сай келмеу деректері де жетерлік. Облыс әкімінің орынбасары мұның барлығы әу бастан келісілмегенін салдары деп отыр.

– Кәсіпкерлік максатқа жер алады. Содан кейін сол жерге жеке мектеп, балабақша салып жатады. Мұндай нысандар қажеттілікке сай салыну керек. Бір шағын ауданда бірнеше балабақша қатар тұрғанын да көріп жүріміз. Ал мектеп пен балабақша жоқ жерге салып жатса, біздің алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бірақ талапқа сай болу керек, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Дәулет ҚЫРДАН



АУЫЛ

ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАП ЖҮРМІЗ?

— Бұл өмірдегі әрбір сала адамзат игілігіне бағытталған. Оқу оқысаң да, еңбек етсең де, адамзат үшін әрекет етесің. Бәріміз інемең құдық қазып, оқуға аттансақ, бір-бір былғары орындыққа орнықсақ, ауылда кім қалады? Елдегі сан мың тірліктің аға толқыннан кейін кім қолға алады? Онсыз да қазір ауылда жастар азайды. Қала жұтып қойған тәрізді. Туған жерге туымды тігіп, елде еңбек етуім де осы жағдайды көріп өскеннен, ата-анадан алған тәлімнен болса керек. Елді дамыту ауылдан бастау алады. Әрбіріміздің санамызда осы ұғым тұрса екен, — дейді Мейірімхан Рақышұлы.

Мандайдан тамған әрбір тамшыны туған жерді түлету жолында жұмсап жүрген Мейірімхан сияқты жас жетерлік. Соның бірі — Нұрбек Рахметов. Ол «Жамбыл-2030» серіктестігінде қойма меңгерушісі болып еңбек етіп жүр. Басшылық тапсырмасымен мекеменің отымен кіріп, күлімен шығып жүргендердің бірі. Бұл саланы таңдағанына өкінбейді.

— Қазаққа «Өке көрген оқ жонар» деген керемет сөз бар. Бала күнімізден әкеміздің осы салада еңбек етіп жүргенін көріп өстік. Осы ауыл шаруашылығы саласында ер жеттік, көзқарасымызды қалыптастырдық. Ауылда үй сатылып, адамдар көшіп жатса, кәдімгідей жабырқап қаласың. Елдегі бір үй болайық деп, шаруашылықта жұмыс істеуді бастап кеткенімізге де бес жыл болыпты. Әйтпесе, азаматқа қалада да, мұнайда да жұмыс табылады. Бірақ бәрібір ауылға жетпейді. Үйден кіріп, үйден шығасың. Туған жеріңе пайдаң тиіп жатса, қуанасың ғой, — дейді Нұрбек Жылқыайдарұлы.

Ел ішінде асыраушы сала атанып кеткен ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп жүрген

әрбір азаматтың санасында елдің несібесі деген ұғым бар. Олардың ойлауы да ауқымды. Өзгеге ұқсамайды. Туған елдің түтінінің түзу ұшып, айналаға көмегі тиетін осындай жастарды тәрбиелеп, ісімен үлгі болып жүргендердің бірі — Мейрамбек Жетібәев. Шетелдік комбайнның руліне отырған ол кейінгі толқынға жол көрсетіп жүр.

— Ауыл шаруашылығында еңбек етіп келе жатқаным 30 жылдан асты. Осы уақыт аралығында, әрине, басқа жұмысқа ауысып кеткің келеді, күннің суығында қолыңа мұздай темір ұстап, жауынның астында қалған да кездер бар. Бірақ бәрі бір осы салада еңбек еткің келеді екен, онда бәріне шыдауың керек. Бұл сала еркерлікті көтермейді, жалқаулыққа сен. Шыдамды, төзімді болуың керек. Айналамен тіл табыса алғаның жақсы. Қазір кейінгіге жол көрсетіп, үйрететін жасқа да жеттік. Ауыл шаруашылығында толқынды толқын қуып, сол толқындар арасында тәжірибе алмасаса, бұл сала — өмір бойғы мектеп, — дейді Мейрамбек Жетібәев.

Бүгінде ол күріш жинау науқанында жүр. Бір күнде 30 гектар күрішті орады. Осындай еңбекқорлығының арқасында жыл сайын қатарластарының алды болып, аудан әкімінің алғыс хатын иеленіп жүр. Шаруашылық төрағасы Болатбек Рүстемов жастардың ауылда қалуына, осында еңбек етуіне барынша қолдау көрсетіп жүр.

— Мекемеде жастарды ғана емес, тәжірибелі

мамандарды да қолдаймыз. Әлеуметтік жағынан демеп отырамыз. Өйткені әрбір үйде кемінде бір-екіден жас толқынның мүшелері бар. Мәселен, үздік механизаторлардың қатарындағы Мейрамбек Жетібәевті таяуда ғана ауылдан баспана сатып алды. Сатып алынған үй құнының 30%-ын біз төлеп бердік. Мекеме қызметкерінің қызы мектепті «Алтын белгімен» бітірді. Оған да қолдау ретінде 400 мың теңге сыйақы тағайындадық. Тағы бір қызметкердің ұлы үйленіп, отбасын құрғанда оған да бір жылқы, 500 мың теңге көмек бердік. Одан бөлек, қызметкерлер жоңышқа пресін 100 теңгеден алады. Ал жоңышканың нарықтағы құны мың теңгеге жакындады. Өрине қолда болып, жағдай жақсара түссе, мұнан да жақсы қолдау көрсетуге дайынбыз. Ел ішіндегі арнаулы даталар, ұлттық мейрам, ас-құдайыда да белсенділік танытамыз. Өйткені дана халқымыз «Елде болса, ерінге тиеді» дегенді бекер айтпаса керек, — дейді Б.Рүстемов.

Өрине шаруашылықта жұмыс істедің екен деп, арнайы мемлекеттік бағдарламалар арқылы үй алу, көмек алу тәрізді жеңілдіктер бұл салада болмай тұр. Қайткен күнде де шаруашылықтар өздері күнелтіп, жағдайды бағамдау керек тәрізді. «Ауыл» партиясының өкілі, Қармақшы аудандық мәслихат депутаты Болат Бөгетовпен осы бағытта пікірлескен едік.

— Нақты ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін жастарға бағытталған арнайы әлеуметтік пакет жоқ. Оны көзбен көріп те жүрміз. Бұл бағытта 2,5%-дық жеңілдітілген несие бар. Егер лайықты жобан болса, аласың. Бірақ ауыл жасының алдынан шығатын кедергі — кепіл мүлік. Ойдағы жобанды қолға алуға жететін қаражатты алу үшін оған сай кепіл мүлкің болу керек. Ауылда хан сарайындай үйің болса

да, ол қаладағыдай құнды емес. Бұл мәселеде жастардың санасында үміт отын жағатын жақсы бір жүйені құруымыз керек сияқты. Өйткені жастарға мүмкіндік беріп, олардың идеясының жүзеге асуына қолдау көрсетпесек, ауыл жастары жұмыс іздеп, өздеріне қолайлы өмір іздеп қалаға үдере көшуі де ықтимал. Біз елді дамытуды ауылды дамытудан, ауыл жастарын қолдаудан бастауымыз керек, — дейді депутат.

Белгілі журналист Рыскелді Жажман — осы тақырыпты терең зерттеп жүргендердің бірі. Оның айтуынша, сырттан жас мамандарды алдырудан бұрын, жергілікті жастарды ауылда тұрақтандыру мәселесін бірінші орынға қою керек.

— Әуелі қолда бар кадрларды ұстап қалуды ойлаған жөн. Өз мамандығы бойынша жұмыс істемеген немесе ауылда бітірген мамандығына байланысты жұмыс күші жоқ жастарды белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа бейімдеудің, ұйымдастырудың маңызы зор. Осы орайда «Бір ауыл — бір кәсіп» деген секілді жобаны енгізуге болатындай. Яғни, Қызылорда облысының Жанакорған ауданына қарасты Жайылма ауылының шаруашылығы республикаға танымал. Жайылманың бренді — қарбыз. Оны бәрі біледі. Сол секілді әр ауыл табиғи ерекшелігіне қарай, тұрғындардың бейімділігіне және шикізаттың, құрал-саймандардың қолжетімділігін ескеріп, белгілі бір кәсіпке жаппай жұмылуы тиіс. Бұлай жасауға не кедергі? — дейді ол.

Десек те ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін жастарға арнайы жеңілдіктің болмауы қызығушылық тудыруға кедергі сияқты. Бір топ танысым Солтүстік Қазақстанда жұмыс істейді. Сондағы ауыл шаруашылығында тер төгіп жүр. Бір-бір ауылшаруашылық техникасын тізгіндеген. Айтуынша, тұтастай ауылдың тең жартысы — өздері. Қалғаны — байырғы тұрғындар. Болашақта онтүстіктегі ауылдарға жастарды апару үшін жаңа бағдарлама ойлап тауып, бас қатырғаннан қазіргі ауыл жастарын елде қалуға деген қызығушылығын ояту керек тәрізді.

Дәулет ҚЫРДАН

Бақытжан САДУ:

ӘКЕМ УАҚЫТТЫҢ ЖҮРЕК СОҒЫСЫН ТЫНДАТАТЫН

Жаһандан дәуірінде электронды сағатты қолданбайтын жастар кем де кем. Бірақ 1986 жылдан бері сағат ісімен айналысып келе жатқан Бақытжан Саду «Смарт сағат — сағат емес, тек электронды гаджет» дейді. Бізге шебермен уақыт, кәсіп, ұрпақ сабақтастығы және жаңа заман туралы терең сұхбаттасудың сәті түсті.

— Бақытжан аға, сағат жөндеу ісіне қалай келдіңіз? Бұл сала сізді несімен баурап алды?

— Сағат жөндеу менің қанымда бар десем де болады. Себебі менің әкем сағат жөндеудің майталманы болды. Ес білгелі әкемің шеберханасында түрлі сағат пен сағат бөлшектерінің арасында өстім. Әкемің қасынан шықпай, түсінбесем де «о немесе, бұ немесе?» деп оң жағынан бір, сол жағынан бір шығып, біраз дүние үйрендім. Мектеп оқып жүрген шағымда қызығушылығымды байқаған әкем сағат жөндеуші шебер досына шәкірт ретінде мені тапсырып, оқытты. Екі жыл шебердің қолында оқушы болып сағат жөндеудің қыр-сырларын толықтай меңгеріп алдым. 1986 жылдан бастап әкем секілді сағат жөндеудің «мастері» болдым. Міне, сол жылдан бері қырық жылға жуық уақыт өтті. Зымыраған уақыт-ай... Жас кезімде басталған қызығушылық кейін бір мамандыққа, мамандықтан өмірлік жолыма айналды. Бұл жай мамандық емес, әкеден балаға мирас ретінде табысталған кәсіп еді. Әкемнен кейін ағам да, мен де осы салада еңбек етіп келеміз.

Кішкентай күнімнен әкемің сағат жөндеп отырған көрінісі маған ұлы тұлғалардың пошымындай үлгі көрінетін. Ағам екеуіміз бұрышта қызығып қарап отырамыз. Сонда әкем қасына шақырып, «Міне, уақыттың жүрек соғысы» деп өзі жөндеген сағаттың тықылдаған дауысын тыңдатын. Сол сөз бала күнімнен әліге дейін жадымда. Әкемің тоқтап қалған сағатты қайта жүргізуі маған құдды бір әлемде тоқтаған уақытты қайта жүргізгендей құдіретті іс секілді көрінетін. Бұл құдіретті іс осылай мені өзіме баурап алды.

— Қазір жаңа технология дамып, смарт сағаттар



қолданыста кең тарауда. Бұл кәсібіңізге кедергі келтірмеді ме?

— Иә, кейінгі жылдары «смарт сағатты» көп адамның қолынан көретін болдым. Немерелерім де адымды санайды, жүрек соғысын бақылайды деп тағып алады. Бірақ шындығына келсек, олардың тағып жүргені сағат емес — электронды гаджет. Ол уақытты көрсеткенімен, сағат болу үшін оның ішінде механизм жүруі керек. Ол соғуы керек, жүрегі болу қажет. Электронды гаджетте кішкентай чип орнатылған. Оны механизммен алмастыра алмайсың. Кейде жұрт сен секілді келіп дәл өзің қойған сұрақты

қояды. Мен болсам әрдайым бір жауапты айтудан шаршаған емеспін: «Электронды сағаттардың шығуы менің кәсібімді тоқтатқан емес. Сағат тоқтаса да, уақыт тоқтамайды. Ал уақыт бар жерде оған адал қызмет ететін адамдар керек!»

Электронды сағат — уақытты көрсетеді. Ал механикалық сағат — уақыттың өзі. Оның ішінде ұсақ бөлшектері механика ғана емес, шебердің еңбегі мен махаббаты бар. Бала күнімде жұрт: «сағат жөндеу ісі өледі» дейтін. Қазір де сол сөз. Бірақ мен әлі осындамын. Себебі сағат жөндеу — мамандықтан бұрын мәдениет. Ол өлмейді, тек бағалаушылар азаюы мүмкін.

— Жөндеу кезінде кішкентай детальдарға аса мұқият болу қажет. Бұл сіздің мінезіңізге әсер етті ме?

— Өрине мінезге әсер етпей қоймайды. Шебер қолында шәкірт болып жүрген шағымда мектепте оқып жүрген бозбала едім. Ол кезде қол жылдам, ой асығыс, мінез қызба, тік еді. Бірақ сағатпен жұмыс істеу бұл мінездерді көтермеді. Кішкентай тетікті байқамай түртіп алсаң бітті дей бер. Асығыстықпен жасаймын деп бір кішкентай бөлшектен қателессен, тұтас механизм тоқтайды.

Сағат жөндеу ісі менің мінезімді қалыптастырды, мені ұқыпты болуға, асықпауға, әр әрекетіңді жоспарлап ойлап істеуге үйретті. Қолыңа сағатты алғанда, сен тек темірді ұстап тұрған жоқсың, клиенттің саған деген сенімін, мүмкін, менің кәсібім секілді атадан балаға мұра болып келе жатқан құнды жәдігерді ұстап тұруың мүмкін. Сондықтан шебердің сағатты темір ұстағандай салғырт қарауына болмайды.

Кейде жұрт «Сіз асықпайсыз» дейді. Мен бұған жай ғана күлемін. Себебі бұл менің табиғатымнан емес, уақытпен жұмыс істегеннен дарыған қасиет. Сағат сені өзі тәрбиелейді екен.

— Сіздің ойыңызша сағат тек уақыт көрсеткіші ме, әлде біз білмейтін, одан да терең мағынасы бар ма?

— Жоқ, шырағым, сағат тек уақыт көрсететін құрал емес. Егер сағаттың бар қызметі — уақытты көрсету ғана десек, оны телефоннан да, теледидардан да, көліктен де көре аласың. Онда неге адамдар үйде қабырға сағатты, түзде қол сағатты пайдаланады? Ескі

тозығы жеткен сағатты тастай салмай неге қайта-қайта жөндеткісі келеді? Себебі сағат — уақытты ғана көрсететін құрал емес, уақытты сақтайтын зат.

Сағат — адамның өмір жолының куәсі. Менің алдыма келетін адамның көбі сағатты жөндеуге емес, бір естелікті тірілтуге келеді. Кішкентай күнімде әкем «Сағатты бұзу оңай, бірақ қайта тірілту үшін сезіне отырып жөндеу қажет» деп отыратын. Мен бұл сөздің мағынасын кейін түсіндім. Сағат — тек темір мен шыныдан жасалған уақыт көрсеткіш құрал ғана емес, естелікке толы уақыттың көрінісі.

Ол адамға уақыттың кәдірін үйретеді. Қол сағаты бар адам үнемі сағатына қараумен болып, уақытты басқаруды үйренеді. Уақытты басқара алған адам нәтижеге жылдам жетеді. Сондықтан уақыт — естелік, тарих, құнды байлық. Сағат тілі көрсеткен санға ғана қарамай, уақыттың мәніне терең бару керек.

— Бақытжан аға, әкеңіздің кәсіп жолын сіз жалған келесіз. Сіздің ізді балаларыңыз жалғастырамын дегіз ме? Сағат жөндеу ісіне қызығып, шебер болғысы келетін жастар бар ма?

— Дұрыс айтасыз, бұл кәсіп біздің әулетке жат емес. Әкем сағат жөндеп жүріп отбасын асырады. Ағам екеуіміз де сол көшке ілесек кеттік. Сағаттың бөлшектерін ойыншық қылып ойнаған балалар, бүгін шебер. Ол енді бұл дәстүрді балам жалғай ма... Жоқ, жалғасы келмейді. Бұл жұрт маған, анау не деуші еді, «айтишник» дей ме, сол боламын дейді. Өке жолын іліп алар деп кішкентайынан шеберханаға ертіп жүрдім. Қызықпады. Ештеңе демеімін. Заманы басқа, қызығушылығы да бөлек. Отбасымызда сағат жөндеу шебері менімен тоқтайтын секілді.

Қазір сағат жөндеу ісін балам жалғастырмаса да басқа жас шебер іздетіріп жүрмін. Бірақ шын ниетпен келіп «үйретіңізші» деген бір жас болмады. Көп адам сағат жөндеуді — ескі қолөнер, табысы аз, майда-шұйдемен айналысатын кәсіп ретінде қарайды. Жан тыныштығын табатын еңбек екенін сезбейді. Қазір сағат жөндеу — мамандық емес, аманат сияқты болып қалды. Мүмкін, бір күні ізімді жалғастырап шәкірт табылып қалар...

— Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Айдаңа ЕДІЛБЕКҚЫЗЫ


ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЖАСТАР ҚҰРҒАН ІТ СТУДИЯ

Басы 1-бетте

Hub Tech-тің жұмысын сырттай қарасаңыз суденттерден құралған шағын команда. Дегенмен олардың бағытты, жұмыс істеу принциптері ерекше. Олар «бизнестен бөлек білім беру саласына серпін берсек» дейді. Мысалы ғалымдардың зерттеу жұмысын жариялайтын «vestnik.ouk.kz» платформасы, студенттерге психологиялық қолдау көрсететін «psy-ology.ouk.kz» пен «pedpsychology.kz» секілді порталдар жасаған. Ал

желідегі контенттері он екі мыңнан астам қаралым жинаған.

Айта кеткен жөн, Hub Tech-тің ең үлкен күші – командасы. Frontend пен python әзірлеуші, жасанды интеллект зерттеушілері, қауіпсіздік инженері, дизайнер – әртүрлі бағыттағы маман болса да, ортақ мақсат үшін жұмыс істейді. Жас та болса, әрқайсысы өз ісіне берілген. Мысалы Аяжан Әділқасын



қауіпсіз болуын қадағалайды.

Жоғарыдағы мамандардың жұмысы реттеліп, өнім дайын болғанда mobile developer Илас Әбдіқадір жобаны түйіндейді. Ол дайын дүниенің қолжетімділігі мен кеңінен таралуына ықпал етеді. Міне, Hub Tech – әрқайсысының қолтаңбасы бар, бір мақсатқа жұмылған жас мамандардың ортақ алаңы.

Командамен кездескенде жастардың қызу еңбегін бірден байқайсыз. Бір бұрышта ноутбугіне үйілген Ернұр кодтың соңғы жолдарын тексеріп отырса, екінші жақта Аяжан интерфейстің жаңа үлгісін әріптестеріне көрсетіп әлек. Үстел үстінде шашылған қағаздар мен сызбалар, қабырғада алдағы жобалардың жоспар-кестесі ілінген. Қарап тұрсаңыз, қарапайым студенттер. Бірақ олардың жұмыс істеу қарқыны, идеялары мамандардан әлдеқайда өзгеше.

Ал болашаққа жоспарлары тіпті биік. Ғұбайдулланың айтуынша, студия EdTech бағытындағы өнімдерді дамытуға басымдық береді. Яғни балалар мен студенттерге арналған жаңа цифрлық оқыту құралдарын жасайды. Сонымен бірге жасанды сананы күнделікті өмірге бейімдеп, қарапайым адамдарға қолжетімді етуге күш салмақ. Өңгіме барысында жаһандық деңгейде мойындалған жобалар шығарғылары келетінін де атап өткен еді.

Сұхбаттан түйгеніміз, команда үшін ең бастысы – пайда табу ғана емес, қоғамға пайда әкелу. Осы ұстаным оларды биікке жетелейтіні анық. Hub Tech ертенгі күні қазақстандық цифрлық кеңістіктің жаңа бет-бейнесін қалыптастыруы әбден мүмкін.



TilTулға, LearningCraft, MathEasy секілді ойын түріндегі қосымшалар бастауыш сынып оқушыларына тіл мен математиканы жеңіл әрі қызықты үйретеді.

Бизнестің дамуына арналған шешімдер де тасада қалып жатқан жоқ. Өңірлік брендке айналған «Табиғи» қулинарлық майына арналған «Tabigi-mai.kz» сайтың жасап жүргізе, қаламыздағы Venega Print баспаханасына лендинг жасаған. Ал «birbilm.kz» болса тапсырыс беруші мен орындаушыны байланыстыратын онлайн алаң. Яғни Hub Tech кәсіптің дамуына жол ашады. Ал қоғамға пайдасы мол әлеуметтік жобалары мүлдем бөлек өңгіме. Мысалы жасанды интеллект негізінде AI Medical Telegram Bot жасаған. Атауы да айтып тұрғандай, бұл – медициналық көмекші. Мұнан бөлек экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған Eco Qogam мен мемлекеттік мекемелердің ішкі жұмысын реттейтін Smart Kyzmet платформасы бар.

Өткен жыл команда үшін оңтайлы болды десек, қателеспейміз. Студенттерден құрылған команда түрлі хакатон мен байқауға қатысып, бірнеше мәрте жеңіске жеткен. Былтыр олардың жылдық табысы 2 миллион теңгеге жуықтап, әлеуметтік

– frontend әзірлеуші. Ол кез келген жобаның «бет-бейнесін» жасап береді. Қолданушы қосымшаны ашқанда бірінші көретіні – интерфейс. Аяжанның қолынан шыққан жұмыс ыңғайлылығымен, заманауи стилімен көзге түседі. Ал Ернұр Қанат python әзірлеуші әрі жасанды интеллект инженері. Оның алгоритмдері күрделі есептерді жеңілдетеді. Жобаның «миы» десек те болады. Ернұр ЖИ-дың нақты нәтижелі болуына, деректерді дұрыс өңдеуіне жауапты. Әзірлеуші Шұғыла Нұрғалиева өнімнің тартымдылығына да жауап береді. Әр жобаның визуалды стилін қалыптастырып, заманауи трендтерді үйлестіріп отырады. Жан Гадильшин – ЖИ талдаушы әрі әзірлеуші. Ол үлкен көлемдегі деректі зерттеп, тиімді модель құрады. Ал Толғанай Жаксыбай мен Джаниель Мейрамбекқызы жасанды сананы мәліметтермен «қоректендіріп», нақты өмірде пайдалы болуын қадағалайды.

Келесі қадам – қауіпсіздік. Қандай мықты жүйе жасалса да, егер қауіпсіз болмаса, құнсыз. Ал дәл осы қауіпсіздікке инженерлер, яғни Нұрбек Әбілдаев пен Нұрбол Оналбеков жауап береді. AI poli-суд expert Азамат Дөрменбаев технологияның тиімділігіне, қоғамға

інің ұйымдастыруымен өткен концертке Қазақстанның халық әртісі Секен Тұрысбек, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Зарина Алтынбаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші Нұркен Әшіров, халықаралық байқаулардың лауреаттары Ұлжан Ағлақова, Төлеген Рахымбаев, Мұса

«Шабыт бастауы: Нұрғиса Тілендиевтің мұрасы» атты халықаралық көрме ашылды.

– Нұрғиса Тілендиев өз халқының рухани жадынан қуат ала отырып, заманауи әлемге ашық болды. Оның шығармашылығы біз барлық мәдениеттен іздейтін құндылықты, түрлі элементтердің үйлесімін бей-



Сапаралы, Ардақ Әмірқұлова, Салтанат Құдайберген, Фархат Құбиев, Әділ Ахметжанов, Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген әртісі, танымал комузшы Закирбек Дүйшөнбекуулу, сондай-ақ «Сазген» және «Құлансаз» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдері мен «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблі қатысты. Шығармашылық кеште Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет», «Алатау», «Жүрегім менің», «Қуә бол», «Құстар қайтып барады», «Саржайлау» секілді танымал туындылары және басқа да шығармалары орындалды.

Сонымен қатар Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде

ҒАСЫР ӘУЕНДЕРІ ПАРИЖ ТӨРІНДЕ


Қазақстан мәдениеті осы күндері бірқатар айтулы оқиғамен толысуда. Мысалы жуырда Париж қаласындағы ЮНЕСКО штаб-пәтерінде қазақтың композиторы, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Ғасыр әуендері: Тілендиевке тағзым» атты мерекелік концерт өтеді.

ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы бұл күнді былтыр мерейтойлар тізіміне ресми түрде енгізген. Іс-шараның басты мақсаты – халықаралық ең беделді сахналардың бірінде қазақ халқының музыкалық мұрасының бай екенін жеткізу. Концерт бағдарламасында композитордың әйгілі туындыларын «Отырар сазы» оркестрі орындайды. Ұжымның көркемдік жетекшісі әрі дирижері – Дінзұхра Тілендиева. Сонымен қатар ЮНЕСКО сахнасында Светлана Айтбаева, Әлішер Жәрімов, Фархат Кубиев, Гаухар Жұмағұлова, Абай Қойшыбаев, Расул Жармағанбетов, Нұрғалым Аманбай, Аяғез Хайруллина мен Жұлдыз Байжұма өнер көрсетеді.

Нұрғиса Тілендиевтің қаламынан 500-ден астам музыкалық шығарма дүниеге келіп, 50-ге жуық театр қойылымына және шамамен 20 кинофильмге музыка жазған. «Отырар сазы» оркестрін құрғанға дейін ол Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының, сондай-ақ Құрманғазы атындағы халық аспаптар академиялық оркестрінің бас дирижері қызметін атқарған.

Тамыз айында Бішкекте А.Малдыбаев атындағы Қырғыз ұлттық театры сахнасында Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай «Әлкисса» шығармашылық кеші өткенін де айта кеткен жөн. Алматы облысы әкімді-

Қазақстан биыл алғаш рет әлемдік деңгейдегі «Miss Grand International – 2025» байқауына қатысады. Ал сұлулық додасында ел намысын қорғау қызылордалық ару Томирис Қадырханға бұйырды. Әлемдік сахнада қазақ қызының бейнесін көрсету – үлкен жауапкершілік. Сондықтан бойжеткен үшін бұл байқау тек сұлулық жарысы емес, ұлттық болмысты, рухани биіктік пен қазақ қызына тән қайсарлықты танытудың мүмкіндігі. Халықаралық дода Тайландтың Бангкок қаласында 29 қыркүйекте басталады. Ақтық кезең 18 қазанға жоспарланған. Уақыт та жақындады, ал қызылордалық Томирис тің дайындығы қалай жүріп жатыр? Сұрап көрдік.



MISS GRAND INTERNATIONAL – 2025: ӘЛЕМ САХНАСЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ АРУ

– Томирис, «Miss Grand International – 2025» байқауында ел намысын қорғайсыз. Бұл жаңалықты алғаш естігенде қандай әсерде болдыңыз?

– Әрине мұндай жаңалықты естігенде жүрегімде бір ғана сезім емес, тұтас эмоцияның толқыны қатар оялды. Қуаныш, мақтаныш, толқу, жауапкершілік – бәрі де бір сәтте тоғысты. Жарыстың нәтижесін болжау мүмкін емес. Десе де өзіме сенімдімін. Себебі жеңіске жетсек те, әлде жеңіліс болса да әрі қарай қай жолды таңдайтынымды білемін.

– Дайындық қалай өтіп жатыр?

– Расымен уақыт таяп қалды. Дайындық жұмысы қызу жүріп жатыр. Бұл жерде тек сұлулық бағаланбайды. Бұл – жан-жақты еңбекті талап ететін байқау. Кейінгі апталарда арнайы фотосессиялар мен бейнетүсірілімдерге қатыстым. Солардың ішінде мен үшін ең маңыздысы – бейбітшілікке шақыратын сторителлинг видеосы. Сонымен қатар шығармашылық кезеңге де дайындалып жатырмын. Өн айту үшін арнайы вокал сабақтарына қатыстым. Ал ерекше тоқталуға тұрарлық дүние – ұлттық киім. Оның эскизі жасанды интеллект көмегімен жасалды. Дәстүр мен заманауи технологияны үйлестіру – менің үлкен арнамым еді, енді ол жұмыстың да сахнада жарқырап шығатын күні алыс емес.

– Әлем алдында қазақ қызының бейнесін қалай көрсеткізіз келеді?

– Қазақ қызы – тек нәзіктіктің символы емес. Оның бойында қайсарлық та, рухани биіктік те бар. Бүгінгі қазақ қызының бойындағы нәзіктік пен батылдықтық көрсеткім келеді. Сахнаға шыққанда ұлттық болмысымды, жүрегімдегі мейірімділікті және ішкі күшімді әлемге паш еткім келеді.

– Байқаудан кейінгі жоспарыңыз қандай?

– Сұрақ барысында өзіңіз де айтқандай, «Miss Grand International»-ға бірінші рет қатысқалы жатырмыз. Мен үшін бұл да бір белес. Ал нәтижесіне келер болсақ, қандай нәтиже болса да, тоқтап қалмауға тырысамын. Байқаудан кейін жаңа бағыттарды зерттеп, өнерде болсын, қоғамдық салада болсын, өзімді дамытуды жалғастырамын. Әрқашан жаңа мүмкіндіктерге ашықпын.

– Көпшілік біле бермейтін үш қасиетіңізді атасаңыз.

– Біріншіден, мақсатыма адалмын. Қандай кедергі болса да, қойған межеге жетуге тырысамын. Екіншіден, әрбір сәт пен жаңа кезеңді мүмкіндік деп қабылдаймын. Бұл сенім маған күш береді. Үшіншіден, жүрегімдегі мейірім – менің басты байлығым. Адамға мейіріммен қарау – өмірдің мәнін сезінудің ең әдемі жолы.

– Сәттілік тілейміз!



Айжан РУЗАЕВА, «Қазақстан Аруы» Ұлттық сұлулық байқауының директоры:

ҰЗАҚ КҮТКЕН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Томирис тің дайындық барысы мен арман-мақсатын тыңдағаннан кейін, біз байқаудың ресми мәнамызын «Қазақстан Аруы» ұлттық сұлулық байқауының директоры Айжан Рузаеваның өзінен сұрадық.

– Білімімізше, «Miss Grand International – 2025» байқауына Қазақстан алғаш рет қатысады. Бұл қадамының еліміз үшін маңызына тоқталсаңыз...

– Бұл – Қазақстан үшін тарихи әрі маңызды қадам. «Miss Grand International» әлемдегі ең беделді 5 сұлулық байқауының қатарына кіреді. Біздің дебют Қазақстанның сұлулығы бейбітшілік пен соғысты тоқтату идеясымен біріктірілген үлкен жаһандық сахнаның бір бөлігіне айналғанын білдіреді. Бұл байқау тек сыртқы әдемілікті емес, ішкі мазмұнды, азаматтық ұстанымды көрсетуді мақсат етеді. Сондықтан қатысушы қыздар ұлттық киім, кешкі көйлектер, сұхбат секілді дәстүрлі кезеңдерден өтеді. Олардың шешендік өнері, әлеуметтік белсенділігі, өмірлік құндылықтары мен жеке миссиясы да қазылар үшін аса маңызды.

– Бүгін дейін қазақстандық арулар бұл байқауға неге қатыса алмады? Қандай кедергілер болды?

– Негізгі кедергі – ресми франшизаның болмауы еді. Мұндай байқауға қатысу үшін халықаралық ұйымдардың келісімі қажет. Әлемдік ұйымның рұқсатынсыз ешбір ел өз өкілін жібере алмайды. Тек биыл ғана «Қазақстан Аруы» ұлттық байқауының командасы келіссөздер жүргізіп, лицензияға қол жеткізді.

Осы арқылы еліміздің тарихында тұңғыш рет «Miss Grand International» сахнасына шығуға мүмкіндік туды. Бұл – ұзақ күткен әрі маңызы зор қадам.

– Әлемдік деңгейдегі осындай байқауда жеңіске жету үшін қазақстандық арудың қандай қырын күшейту қажет деп ойлайсыз?

– Әлемдік додада жеңіс тек сыртқы сұлулықпен келмейді. Мұнда даралық, интеллект, ішкі күш пен жарқыраған харизма қатар жүруі тиіс. Томирис тің артықшылығы да осында. Ол ақылды, жарқын, сахнада да өзіне сенімді. Ең бастысы – ұлттық болмысын әлемге көрсетуге дайын. Жеңіске жету үшін біздің ару өзінің тұлғалық ерекшелігін жоғалтпай, сонымен бірге байқаудың философиясын айқын жеткізе алуы керек. Томирис тің мұны атқаратынына сенімдімін.

– Қазақстан бұл байқауға тұрақты түрде қатысады деп сеніммен айта аламыз ба?

– Әрине. Біздің мақсатымыз – бір реттік дебют жасап қана қоймай, жүйелі түрде қатысу. Жыл сайын лайықты өкіл таңдап, оларды халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті ету үшін кешенді іріктеу мен дайындық жүйесін құруға тірісіміз. Қазақстандық әлемдік аренада күресуші түрде көрсетіп, ақырындап жаһандық сұлулық байқауларындағы көшбасшы елдердің қатарына қосуды көзден отырмыз. Болашақта «Miss Grand International» жеңімпаздарының қатарында Қазақстан аруы да болады деп сенемін.

– Сұхбатыңызға рақмет!

ҚЫСТА АУЫЛДА КАРТА ОЙНАЙДЫ

Қазақта «Айтпаса, сөздің атасы өледі» деген бар. Алақандай ауылда тұрамыз. Ауыл халқы да бір-бірімен туысқан болып кеткен. Ат төбеліндей тұрғын бір-бірінің жеті атасын да жатқа біледі. Дегенмен елде мәселе көбейіп тұр. Қазіргі жастарға жайлы жұмыс керек, ауыр жұмысқа бармайды. Қазақтың бас ақыны Абай «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» демеп пе еді?!

Елді аздыратын дүниенің бірі – құмар ойыны. Осы карта дегенге қазір жастар әбден үйір болып алды. Карта жүрген жерде төбелес, айғай-шу, ерегіс болатыны мәлім. Одан қалды, бір-біріне қарызға кіріп, қазір итке бір сүйек қарыз болғандардың қатары өсті. Олар жеңіл жолмен ақша тапқысы келеді. Кейінгі екі айдың өзінде мал жоғалтқан оннан астам тұрғын басын тауға да, тасқа да ұрып жүр. Ертенгі күні құқық қорғау органдарына шағымдана, балалары өз үйінен ұрлаған болып шықса, кімге өкпелейді? Бұл – облысқа қарасты барлық ауылда болып жатқан жағдай. Міне, осындай жағдай қыс түссе болды, үйреншікті жайға айналып келеді. Қазақта «ауру калса да, әдет қалмайды» деген

бар. Өңірдегі ауылдарда осы дағды қалмай келеді. Тіпті, бір ауылда карта ойнайтын он шақты орта қалыптасқан.

Өрістегі малды былай қойғанда, қорадағы қойды да арқалап кеткендер болды. Олардың өзіне кешірім бергендер әлі күнге қойдың өтемін де ала алмады. «Қарғайын десең, жалғызың. Қарғамайын десең, жалмауызың» дегеннің кері келген сыңайлы.

Ұрлық дегеннің арты қорлық екенін түсінгенімен, нәтиже бол-

берсек, түбінде ауылдан айырылып қалатын сияқтымыз. Алдағы уақытта еліміз тек солтүстікке ғана емес, оңтүстікке де көштің басын бұруы керек тәрізді.

Елді мекендегі жұмыс көзі – мектеп, балабақша және дәрігерлік амбулатория. Онда да жасы бар, жасамысы бар, кейінгі келгендері алдыңғы толқынның зейнетке шығуын күтуге мәжбүр.

Кейінгі уақытта елдегі бірнеше ауыл ішімдіктен түбегейлі бас тартыпты. Бұл – қуантарлық жағ-



май тұр. Қазір жұмыссыз жастар армиясының қатары толыққан. Бүгінгі жастар тек такси болып, жан қинамай табыс тапқысы келеді. Алысты көзденгендер ауылдан үйлерін сатып, қаладан бір-ақ шықты. Бір жылдың өзінде бір ауылдан он бес үй көшіпті. Бүйте

дай. Ішімдік дегеніңіз – бар бәленің бастауы. Біз қоғам дертіне айналған картаның өзін тыя аламыз. Ол үшін ерік-жігер жеткілікті. Ал ұрпақты тура жолға бағыттау – үлкендердің мойнындағы жауапкершілік жүгі.

Марат АЛДИЯРОВ

Қоғамдағы тәртіп пен әділеттілікті қамтамасыз етудің басты тетіктерінің бірі – сот актілерінің орындалуы. Сот шешімі шыққан соң ол міндетті түрде орындалуы тиіс. Өйткені сот қаулысы немесе үкімі – жай ғана кеңес емес, заңдық күші бар құжат. Егер азаматтар немесе ұйымдар соттың заңды актілерін орындамаса, ол мемлекеттің құқықтық тәртібіне үлкен қауіп төндіреді.

СОТ ҮКІМІ — ЗАҢДЫҚ КҮШІ БАР ҚҰЖАТ

Кейде адамдар сот шешімін орындауды созып жүреді немесе әдейі орындамайды. Мысалы қарызын қайтару туралы шешім шықса, борышкер әдейі уақыт өткізіп, сот орындаушыларына кедергі жасайды немесе әкімшілік құқық бұзушылық үшін белгіленген айыппұлды төлеуден жалтарайды. Осындай жағдайда мемлекет арнайы жауапкершілік шараларын қолданады.

Қазақстан Республикасының заңнама-сында сот актілерін орындамағаны үшін түрлі жауапкершілік қарастырылған. Ең алдымен, әкімшілік жауапкершілік бар. Егер азамат сот шешімін орындамаса, оған айыппұл салынады немесе белгілі бір мерзімге әкімшілік қамауға алынады. Бұл – орындауға ынталандыратын шаралардың бірі.

Ал егер заңды тұлға – яғни мекеме немесе кәсіпорын сот актісін орындаудан жалтарса, онда оғанда айыппұл салынады. Сонымен бірге ұйым басшысы жеке өзі де жауапқа тартылуы мүмкін. Өйткені сот актілерін орындау – тек қарапайым азаматтардың ғана емес, барлық мекеменің міндеті.

Кей жағдайда сот актісін орындамау қасақана жасалған болса, мәселе қылмыстық жауапкершілікке дейін барады. Мысалы сот шешімін орындаудан әдейі жалтару, сот орындаушысының талабына бағынбау, орындау барысына кедергі келтіру қылмыстық заң бойынша жазаға әкелуі мүмкін. Мұндайда



айыппұлдан бөлек, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады.

Бұл тетіктердің барлығының түпкі мақсаты – қоғамда заңның үстемдігін орнату. Егер сот шешімі орындалмаса, онда әділеттіліктің мәні жойылады. Сондықтан мемлекет сот актілерін орындауға ерекше мән береді. Азаматтар да өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінген кезде, оның шешімі орындалатынына сенімді болуы керек.

Қарапайым тілмен айтқанда, сот шешімін орындамау – жол қозғалыс ережесін бұзумен тең. Егер әркім қалағанын істеп, соттың айтқанын орындамаса, қоғамда бейберекетшілік пайда болады. Ал жауапкершілік шаралары – тәртіпті сақтау үшін қойылған заңды тосқауыл.

Сот актілерін орындау – тек заң талабы ғана емес, азаматтық мәдениеттің де көрсеткіші. Әрбір тұлға өзінің міндетін орындап, сот шешімін уақытылы атқарса, қоғамдағы әділдік те нығаяды. Ал орындамаған жағдайда заңның қатаң тетіктері іске қосылып, кінәлі адам міндетті түрде жауап береді.

Р.ШАМШИЕВ,

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

ОҚУШЫЛАРҒА ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

Оқу жылы басталғалы ата-аналар балаларына қандай тегін медициналық қызмет көрсетілетінін білгісі келеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бұл туралы түсініктеме дайындады.

Оқушылар МӘМС жүйесінде автоматты түрде сақтандырылған, яғни олар үшін жарналарды мемлекет төлейді. Сондықтан олар кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінде де, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті аясында да барлық қажетті медициналық қызметті ала алады.



Оқушыларға қандай медициналық қызметтер қолжетімді?

- мектеп медицинасы;
- стоматологиялық қызметтер;
- дәрігерлердің консультациялары;
- зертханалық талдаулар;
- құрал-жабдық диагностикасы (УДЗ, рентген, КТ, МРТ және т.б.);
- күндізгі стационар;
- тәулік бойғы стационар;
- оңалту қызметтері;
- дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (аурулардың тізімі бойынша);
- жоғары технологиялық медициналық көмек.

«Мектеп медицинасы» деген не?

Бұл – білім беру ұйымдарында мектеп және мектепке дейінгі балаларға көрсетілетін медициналық көмек. Оған балалардың денсаулығын қорғау мен нығайту, аурулардың алдын алу және олардың денсаулық жағдайын динамикалық бақылау кіреді.

Мектеп медицинасына келесі қызметтер кіреді:

- алдын ала медициналық қарауларды жүргізу;
- оқу және демалыс уақытындағы сауықтыру іс-шаралары;

- аурулардың алдын алу;
- денсаулықты нығайту және дұрыс тамақтануды насихаттау;
- репродуктивті денсаулықты қорғау;
- психикалық денсаулықты қорғау, суицид, темекі шегу, есірткі мен улы заттарға әуестік, ойынға тәуелділіктің алдын алу;
- ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес вакцинация жүргізу;
- алдын ала қараулар нәтижесі бойынша оқушыларды терең медициналық тексеруге жолдау;
- санитарлық ережелерді сақтау.

Бұл қызметтер мектеп орналасқан аумаққа тиесілі емхана арқылы көрсетіледі. Мектептердегі медициналық пункттер оқу жылы барысында балаларды медициналық қызметкерлер бақылап, уақытылы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

– Кейде бізге ата-аналардан балаларын рұқсатсыз басқа медициналық ұйымға тіркегені туралы шағымдар түседі. Мұндай пікірдің пайда болуына себеп – жүйеде баланың басқа емханадан медициналық қызмет алғаны туралы ақпараттың көрінуі. Алайда іс жүзінде бұл қызметті баланың оқып жатқан мектебіне қызмет көрсететін емхана көрсеткен, – деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

Сол себепті ата-аналар кейде балаларына қатысты көрсетілген медициналық қызметті білмей, оған жүгінбегенін айтып жатады. Мұндай қызметтер туралы ақпарат скрининг және қосымша диагностикалық шаралар толық аяқталғаннан кейін, кейде баланың жасы жеткеннен кейін ғана базада пайда болуы мүмкін. Мысалы, баланың жасы жетіге толмаған болса да, ол бірінші сыныпта оқитын болса, скрининг нәтижелері бала туған күнінен кейін енгізіледі.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі

Тұмау – бұл тыныс алу жүйесін зақымдайтын жедел вирустық ауру. Тұмау, ЖРВИ – жедел респираторлық вирустық инфекциялардың санатына кіреді.

Тұмау иммунитеттің әлсіреуі мен салқын тиюден пайда болмайды, оған ерекше вирус – тұмау вирусы себеп. Оның ерекшелігі өзгергіштігімен сипатталады. Медицинада сипатталған тұмаудың үш түрі (А, В және С) кезектесуімен қатар, олар өз құрылымын өзгерте алады. Сондықтан жыл сайын індет кезінде біздің иммундық жүйе жана микроорганизмдермен кездеседі және бұл олармен күресуді қиындатады.

ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ ЖӘНЕ ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қалай жұғады?

Тұмау ауа – тамшы жолдары арқылы жұғады. Науқас адам тыныс алғанда, жөтелгенде, түшкіргенде, ауаға тарайтын қақырық пен мұрыннан бөлінген шырыштан айналада ауру жұқтырылған «бұлт» пайда болады. Бұларды жұту – сау адамның ағзасына тұмау вирусының ену жолы. Ауру жұқтырылған «бұлт» біртіндеп қоршаған заттарға қонады. Өкінішке қарай, тұмау вирусы тұрақты және сыртқы ортада бірнеше сағат бойы өз белсенділігін сақтай алады. Вирус жұққан тұрмыстық заттардың қасынан өтіп бара жатып немесе оларды пайдалана отырып, біз еріксіз, адамның тыныс алу жүйесіне түсуі мүмкін зарарлы бөлшектерді ауаға қайта көтеріміз. Бұл тұмаудың ауа – шаң жолымен жұғуының көрінісі.

Тұмаудың белгілері қандай?

Тұмаудың белгілері адамдардың көпшілігіне аян, дегенмен, осындай маңызды ақпаратты қайталау артық болмайды деп ойлаймыз.

Жасырын, инкубациялық кезең – 5-6 сағаттан 3 тәулікке дейін созылады. Осы уақыттың аралығында вирус ауыз бен мұрынның шырышты қабықтары арқылы ағзаға еніп үлгереді, ал иммундық жүйе сол уақытта оған кедергі жасауға әрекет жасайды. Инкубациялық кезеңнің ұзақтығы вирустың түріне, адамның иммундық жүйесінің жағдайына байланысты. Инкубациялық кезеңнен кейін аурудың мынандай белгілері пайда болады:

1. Мұрынның бітелуі, түшкіру, тамақтың жыбырлауы сияқты аурудың бастапқы белгілері;
2. Әлсіздік, буындардың сырқырап ауыруы;
3. Аурудың алғашқы сағаттарында температура көтеріледі. Тұмауға 40°C-қа дейін және тіпті одан да жоғары температуралы қатты қызба тән;
4. Кейінірек өнімсіз, құрғақ жөтел пайда болады, ол бірте-бірте ылғалды, қақырық бөлінетін жөтелге айналады.

Тұмау – өздігінен жағымсыз ауру, дегенмен оның



1. Бронх қабынуы: ауру басталғаннан кейінгі бір аптаның ішінде жөтел басыла қоймайды, көп мөлшерде іріңді (сары, жасыл, сұр) қақырық бөлінеді;
2. Пневмония – вируспен зақымдалған шырышты қабық арқылы кірген бактериялардың салдарынан туындаған өкпе тінінің қабынуы. Сырқат аспапты жөтелмен, науқастың жалпы жағдайының нашарлауымен, температурасының көтерілуімен сипатталады. Кейде пневмонияның өліммен аяқталатын аса ауыр түрі дамуы мүмкін;
3. Менингит және энцефалит – ми мен ми қабығының ауыр қабыну аурулары. Ауру көбінесе балаларға тән – ересектерде мұндай асқынулар өте сирек дамиды. Менингит пен энцефалит өте ауыр өтеді, қарқынды емдеуді қажет етеді және қайғылы аяқталауы да мүмкін;
4. Селкілдек ұстамалар – орталық жүйке жүйесінің зақымдануының белгісі болуы ықтимал.

Тұмауды емдеудің жолдары

Тұмаудан емделіп жүрген науқасқа тыныштық талап етіледі, көбірек тынығу ұсынылады. Әдеттегі белсенділіктен (дағдылы еңбек қызметінен) бас тарту керек. Өйткені ол аурудың асқынуына себепкер болуы мүмкін.

Тұмау кезінде негізгі емдеу жолы – симптомдық емдеу. Симптомдық емдеу кезінде тағайындалатын дәрі-дәрмектер:

- жасын ескере отырып қызуды басатын дәрі-дәрмектер тағайындалады;
- «С» дәрумені;
- көбірек су ішу;
- қақырық түсіретін, жөтелге қарсы дәрілер;
- мұрын тамшылары тағайындалады. Олар мұрынның шырышты қабығының ісінуін жояды, тыныс алуды жеңілдетеді, гаймориттің дамуына жол бермейді.
- Тұмаудың алдын алу пайда болған ауруды емдеуге қарағанда әлдеқайда тиімдірек. Тұмаудың алдын алуға бағытталған шараларды жыл бойы сақтаған жөн: дұрыс тамақтану, шынығу иммунитетті арттырып, тұмауға қарсы тұрудың онтайлы амалдары.
- Вакциналау – тұмаудың алдын алудың негізгі медициналық әдісі. Вакцинаны індет басталғанға дейін 1-3 ай бұрын егеді;
- Мақта – дәке таңғышын тағып жүру вирустың тыныс алу жолдарына түсуіне кедергі тудырады;
- Полидәрумендер мен С дәруменін қабылдау керек;
- Ауыз қуысындағы микроорганизмдердің санын азайту үшін сарымсақты күнделікті пайдалану қажет;
- Мұрынды шаю – әсіресе жұмыстан, мектептен, қоғамдық көліктерден шыққаннан кейін мұрынды жуып-шаю өте маңызды;
- Індет кезінде адамдар көп шоғырланатын жерлерден аулақ болу;
- Үйді үнемі ылғалды тазалап отыру қажет;
- Тұмау – ауыр және қауіпті дерт. Алайда күз бен қыс мезгілдерінің басталуынан қорқып, үрейленбеңіздер. Салауатты өмір салты тұмаудың алдын алуға көмектеседі. Деніңіз сау болсын!

Алима АБДУШУКУРОВА,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Басы 1-бетте

«Халық кітап оқитын деңгейге көтерілу керек»

Қазақ әдебиетінің кеңістігінде жастарға арналған қолдау бұрынғыға қарағанда көбейгенімен, оның шынайы әсерін сезіну әлі де қиын. Мәдениет және спорт министрлігі мен түрлі мемлекеттік құрылымдар әр жылдары байқаулар, гранттар, жүлделер өткізіп келеді. Соның ішінде көп айтылып жүргені – «Дарын» республикалық жастар сыйлығы. 2020 жылдан бастап мәдениет пен өнерге бет бұрған жас таланттарды анықтап, оларға материалдық қолдау көрсетуді мақсат етті. Бұдан бөлек, «Жаңа қазақ әдебиеті» жобасы қолға алынып, жас қаламгерлердің шығармашылығын насихаттауға күш салынды. Бұл жоба аясында жаңа кітаптар жарық көріп, жастарға шеберлік сабақтары, кездесу алаңдары ұйымдастырылды. 2022 жылы Алматыда өткен бірқатар басқосуда тәжірибелі акын-жазушылар жастарға бағыт-бағдар беріп, пікір алмасты. Әрине мұның бәрі қуантарлық қадам.

Десе де бұл бастамалардың да олқылығы жоқ емес. Әсіресе олардың көбі республикалық деңгейде шоғырланып қалған. Ал аймақтарда, соның ішінде Қызылорда облысында, жас қаламгерлерге арналған жүйелі қолдау әлі де жетіспейді. Әдеби клубтар аз болғандықтан, жастардың бір-бірімен байланысуына мүмкіндік тар. Қала ішінде анда-санда шығармашылық кештер өтсе де, ауылдық жерлерге ол жетпей қалады. Мектептерде акын-жазушылармен кездесу ұйымдастырылғанымен, ол жүйелі түрде емес, көбіне бір реттік шара күйінде қалып отыр. Сол себепті ауылдан шыққан талантты жастардың бойындағы қарым-қабілет ашылмай, өз жолын табуы қиындайды. «Ауылдағы қаламгерді қалай қолдау керек?» деген сұрақ осыдан туындайды.

Әдеби әлемде өз қолтаңбасын қалдырып, жазба өнермен айналысып жүрген жазушылардың бірі Есбол Нұрахмет бұл мәселелердің барлығын оқырман шешеді деген пікірде.

– Қазір жас қаламгерлерді қолдау мақсатында мемлекетте жақсы жобалар іске асырып келеді. 18-35 жасқа дейінгі

Сол сияқты республикалық «Дарын» сыйлығы да бар. Қағаз жүзінде бұл – мәдениет пен өнер саласындағы ең үлкен жастар марапаты. Бірақ іс жүзінде жүздеген, тіпті мыңдаған жас талапкердің бәрін қамту мүмкін емес. Байқауға қатысу үшін белгілі бір деңгейде танымал болуың қажет, ал ауылдағы қаламын енді ғана ұштап жүрген жас үшін бұл үлкен кедергі. Сөйтіп, әдебиетке енді қадам басқан жас дарынның жолы алғашқы кезеңнен-ақ тұйыққа тіреледі. Осының өзінде қоғамда болып жатқан

Алайда жас әдебиетшілерді қолдау тек байқаумен немесе сыйлық берумен шектелмеуі керек. Қазақ әдебиетінің жаңа толқынын қалыптастыру үшін нақты стратегия қажет. Жастарға тек «патриоттық өлең жаз» немесе «құлттық құндылықты көтер» деп талап қою жеткіліксіз. Шығармашылық еркіндік – әдебиеттің басты шарты. Бүгінгі жас қаламгерлердің бойында батыл ой айтуға, қоғамдағы өткір мәселелерді қозғауға дайындық бар. Бірақ қолдау жүйесі әлсіз болғандықтан,



өзекті мәселелерге қалам тартып жүргендер некен-саяқ. Десе де осының өзін қолдау мұң болып отыр.

– Замандастарымның арасында аяқ алысы жақсы, қалам ұстауы сауатты жастар баршылық. Баспаханаларға кітабын жарнамалап сатып

көпшілігі ойын ашық жеткізе алмайды. Соның салдарынан жастар жазған шығармаларда дайын штамп, бос ұран жиі кездеседі. Ал шынайы ой мен креатив көлеңкеде қалып жатады. Бұл – қазіргі әдеби ортадағы ең үлкен қауіптің бірі.

Халықаралық тәжірибеге үңілсек, жағдай басқаша. Көптеген елде жас жазушыларға нақты қаржылық және моральдық қолдау жолға қойылған. Мысалы, Францияда Мәдениет министрлігі арнайы бағдарлама арқылы жас қаламгерлердің алғашқы кітабын шығаруға көмектеседі. Бұл – кез келген жас автор үшін үлкен қолдау. Өйткені ең қиын қадам – бірінші кітапты жарыққа шығару. Ал мемлекет соған демеу беріп отыр. Ұлыбритания мен АҚШ-та әдебиетке қолдау көрсетудің одан да терең жүйесі бар. «Ұлттық өнер қоры» (National Endowment for the Arts) арқылы қаламгерлерге стипендиялар бөлінеді. Жазушы сол арқылы күнделікті тұрмыстық мәселеден арылып, шығармашылыққа толықтай ден қоя алады. Әсіресе балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлінеді, онда арнайы марапаттар, гранттар, резиденциялар бар.

Жапонияда әдебиет ұлттық мақтаныштың бір бөлігі. Сондықтан әр жастағы оқырманға арналған байқаулар, фестивальдер үзбей өткізіледі. Мектеп оқушысы жазған шағын

Алайда жас әдебиетшілерді қолдау тек байқаумен немесе сыйлық берумен шектелмеуі керек. Қазақ әдебиетінің жаңа толқынын қалыптастыру үшін нақты стратегия қажет. Жастарға тек «патриоттық өлең жаз» немесе «құлттық құндылықты көтер» деп талап қою жеткіліксіз. Шығармашылық еркіндік – әдебиеттің басты шарты. Бүгінгі жас қаламгерлердің бойында батыл ой айтуға, қоғамдағы өткір мәселелерді қозғауға дайындық бар. Бірақ қолдау жүйесі әлсіз болғандықтан, көпшілігі ойын ашық жеткізе алмайды. Соның салдарынан жастар жазған шығармаларда дайын штамп, бос ұран жиі кездеседі. Ал шынайы ой мен креатив көлеңкеде қалып жатады. Бұл – қазіргі әдеби ортадағы ең үлкен қауіптің бірі.

«Жас қалам» байқауы – жас қаламгерлерді шындайды

Міне, осы тұста республикалық гранттар мен сыйлықтардан гөрі аймақтық деңгейдегі қолдаудың маңызы артады. Жергілікті байқаулар мен шағын гранттар жастарды қанаттандыруда әлдеқайда тиімді болар еді. Бұған нақты мысал бар. Жезқазған мен Ақтөбеде белгілі қаламгерлердің бастамасымен жас акындарға арналған жыр бәйгелері ұйымдастырылып келеді. Бұл бәйгелердің құндылығы – демеушілікті жергілікті азаматтар көтереді, ал жеңімпаздар бірден өз өңірінде танылып, шығармашылығын жалғастыруға мотивация алады. Осындай тәжірибені Қызылордада да қолға алуға әбден болады. Аймақтық бюджеттен арнайы шағын грант бөлу немесе тұрақты түрде «Жас қалам» байқауын өткізу – өңірдегі жас таланттарды баулудың жақсы жолы. Бұл бір жағынан жастардың өз өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттырса, екінші жағынан әдебиеттің өңірлік ортасын қалыптастырады.

Сондықтан Қазақстан үшін басты дүние жас қаламгерлерге берілетін қолдауды жүйелі әрі әділетті ету. Сыйлықтар тек белгілі адамдарға емес, жаңа бастағандарға да ашық болуы шарт. Аймақтық деңгейде гранттар мен байқауларды жиі өткізу керек. Сонда ғана әдебиетке жаңа толқын келіп, ол қоғаммен үндесіп, өз үнімен сөйлей алады.

Шетелдік шығармашылық өкілдерінің ахуалы қандай?

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, жас қаламгерлерді қолдау дегеніміз тек сыйлық берумен шектелмейді, ең әуелі орта қалыптастыру. Әдеби ортасыз таланттың бағы жанбайды. Мысалы, АҚШ-та әрбір мектеп пен кітапхана жанында арнайы «жазба шеберханалар» бар. Оқушының жазған әңгімесі немесе өлеңі шағын болса да мерекелік жәрмеңкеде оқылады, қолына алғашқы кітапша болып тиеді. Ал «Young Writers Program» деген мемлекеттік бағдарлама жас авторды жазушы ағалардың қарамағына қосып, біртіндеп үлкен әдебиетке жетелейді. Францияда мектеп оқушылары ертегісін суреттеп, «Le Livre Pop-up» атты шығармашылық шеберханада шағын кітап шығарады. Түркияда «Genç Yazarlar Atölyesi» – «Жас жазушылар шеберханасы» ашылып, өңірлерде талант іздеу жүйелі жолға қойылған. Жапонияда тіпті балабақша жасынан бастап әдеби клубтарға тартылып, «Шиосай» секілді орталықтарда балалар да, студенттер де қатар отырады. Мұның бәрі – жас қаламгердің алғашқы шығармасын қоғамға көрсету, ал кәсіби мамандардың сол туындыны түзетіп, кеңес беру дәстүрі.

Бізге де осы тәжірибе ауадай қажет. Президенттік әдеби сыйлық пен республикалық жобалар – жақсы бастама. Бірақ сонымен тоқтап қалмай, жас авторға күнделікті демеу болатын шөкіртақылар, шағын гранттар жүйесін енгізсек, осы деңгейге жетіп қалуымыз әбден мүмкін. Әсіресе бұл мәселе аймақтарда өте өзекті. Өйткені мұнда әдебиетке ынтық жас көп, бірақ олардың бас қосатын ортасы жоқ. Шашырап жүрген шығармашылық энергияны топтау үшін қалада да, ауылда да шағын әдеби клуб ашу маңызды. Ол клубтың мәні – жастардың бас қосып, кітап оқуы, өз жазғандарын талқылауы, пікір алмасуы.

Қарап отырсаң, мұндай қадамның өзі әдебиетке серпін береді. Жапониядағыдай мектеп оқушылары мен студенттерді бір клубқа жинап, жылына бірнеше рет шығарма конкурсын өткізсе, қазынаға тең құнды шығармалар табылатыны сөзсіз. «Әдеби орта» атты шағын клуб Қызылордада да құрылса, ол жергілікті таланттың жаңа толқынын қалыптастырар еді. Өйткені бір шеберлік сабағы, бір реткі марапат жас жазушыны ұзағынан сүйреп екете алмайды. Жүйелі қолдау ғана жас қаламгердің бойындағы жалынды сөңдірмей, өрге жетелейді. Бұл жерде бұқаралық ақпарат құралдарының да рөлі ерекше. Газет-журнал бетінде жастардың туындыларын жариялау, олардың есімін оқырманға таныстыру – үлкен демеушілік. Көп жағдайда бір шумақ өлеңінің газетке басылғанын көрген жас акынның жүрегіне сенім ұялайды. Осы сенім арқылы қаламгерді әдебиеттен алыстатпай ұстауға болады..

Сондықтан Қазақстанда жас әдебиетшілерге арналған қолдауды күшейту арқылы тұрмыс билеген санаға сәуле сеуіп, шын шығармашыл жандардың қанатын қайтатар едік. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл тек республикалық деңгейдегі сыйлықтармен шектелмеуі керек, әр облыс өз деңгейінде жүйелі шаралар атқаруы тиіс. Тісінше, сырбойылық жас қаламгерлерге арнайы грант бөлу, тұрақты байқау ұйымдастыру, «Жас қаламгер» атты жыл сайынғы облыстық әдеби бәйге өткізу – өңірдің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің болашағына инвестиция болары сөзсіз. Әдебиет – тек өткеннің мұрасы емес, бүгінгі және ертеңгі ұрпақтың рухани тірегі. Ал ол тіректі жас жазушылардың қаламы ұстап тұрады.

Е.ҚАЛИЕВ,
журналист

«Мәселенің барлығын түбінде оқырман өзі реттейді»

Иә, жазушының сөзінше, әдебиетке қатысты тағы бір түйткілдің бірі – қаржы мен байқаулардың деңгейі. Шығармашылыққа қанат бітіретін басты құралдың бірі – тұрақты қолдау мен материалдық демеу. Бірақ, өкінішке қарай, мемлекет тарапынан жас қаламгерлер үшін бөлінетін қаражаттың көлемі әлі де аз. Бұл бағытта жақсы бастамалар жоқ емес. Мәселен, Президенттік арнайы әдеби сыйлықтың тағайындалуы қуантады. Оның мәртебесі биік, әдеби ортада беделді марапат екені сөзсіз. Дегенмен жас авторлардың арасында «бұл сыйлық жаңа бастағандарды емес, атты шыққан, тәжірибелі тұлғаларды көбірек қамтып жүр» деген пікірлер жиі айтылады. Яғни ол да жас буын үшін қол жетпес арманның бірі болып қала беруде.

әңгіме де республикалық деңгейде жарияланып, жасөспірімнің өзіне сенім ұялатады. Түркияда да осы үрдіс бар, «Жас жазушылар шеберханасы» атты бағдарлама арқылы жас қаламгерлерді тәжірибелі ұстаздар баулиды. Мұндай жүйе бізге де ауадай қажет. Өйткені жас автордың сенім арту, оның алғашқы туындысын қолдау – әдебиеттің болашағына инвестиция жасау деген сөз.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, жас қаламгерлерді қолдау дегеніміз тек сыйлық берумен шектелмейді, ең әуелі орта қалыптастыру. Әдеби ортасыз таланттың бағы жанбайды. Мысалы, АҚШ-та әрбір мектеп пен кітапхана жанында арнайы «жазба шеберханалар» бар. Оқушының жазған әңгімесі немесе өлеңі шағын болса да мерекелік жәрмеңкеде оқылады, қолына алғашқы кітапша болып тиеді. Ал «Young Writers Program» деген мемлекеттік бағдарлама жас авторды жазушы ағалардың қарамағына қосып, біртіндеп үлкен әдебиетке жетелейді. Францияда мектеп оқушылары ертегісін суреттеп, «Le Livre Pop-up» атты шығармашылық шеберханада шағын кітап шығарады. Түркияда «Genç Yazarlar Atölyesi» – «Жас жазушылар шеберханасы» ашылып, өңірлерде талант іздеу жүйелі жолға қойылған. Жапонияда тіпті балабақша жасынан бастап әдеби клубтарға тартылып, «Шиосай» секілді орталықтарда балалар да, студенттер де қатар отырады. Мұның бәрі – жас қаламгердің алғашқы шығармасын қоғамға көрсету, ал кәсіби мамандардың сол туындыны түзетіп, кеңес беру дәстүрі.

ҚАЗАҚТЫҢ ДАҢҚЫН АСЫРҒАН АЙДОС



Басы 1-бетте

Айдос Сұлтанғалиұлы 1996 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Сыр өңірі ежелден талай сайыпқыранды тәрбиелеп шығарған қасиетті топырақ. Күрес десе делебесі қозатын бұл өлкеде Олимпиада, әлем және Азия чемпионаттарының жеңімпаздары өмірге келген. Осындай ел мактаныштарының қатарында грек-рим күресінің майталманы Айдос Сұлтанғали да бар.

Мектеп жасынан грек-рим күресіне ден қойған Айдос Солтүстік Қазақстандағы дарынды балаларға арналған спорт мектебінде алғашқы үлкен қадамдарын жасады. Азия чемпионаттарында жүлделі орынға ие болып, халықаралық турнирлерде ел намысын қорғады.

Бұл жетістіктер – тек жеке табыс емес, Сырспорты мектебінің, жаттықтырушылар һәм әке мен ана үкілеген үміттің жемісі.

– Мен ұлымның жеңіске жететініне сендім. Қазір барынша

ша шынығып, тәжірибе жинаған кезеңі ғой. Десе де барған балуандардың бәрі «сен тұр, мен атайындар». Жүректің түкпірінде күдік те болды, алайда үміт пен сенім қатар тұрды. Ұлымды әр сапарға әуежайға дейін ақ батамен шығарып саламын. Ал үйге келген соң, күн-түні тілеуін тілеймін, – дейді чемпион Айдостың әкесі Сұлтанғали Кеулімжаев.

Оның спорттағы табандылығы жастарға өнеге. Айдос қарапайым отбасынан шыққанымен, арман жолында ешқашан жауандаған емес. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығын менгеріп, білім мен спортты ұштастырды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері атанып, ұлттық құраманың негізгі мүшесі болды.

Айдостың бір атанға жүк болардай жетістіктері бар. Ол 2012 жылы кадеттер арасындағы Азия чемпионатының күмісін, 2013 жылы алтын медальін олжалады. 2016 жылы жасөспірімдер арасында Азия чемпионы атанса, 2017 жылы әлем чемпионатының қола жүлдесін жеңіп алды. 2018 және 2022 жылдары ересектер арасында әлем чемпионатының қола жүлдегері болды. 2021 жылы Алматыдағы Азия чемпионатында, 2024 жылы Бішкек лицензиялық турнирінде жеңіске жетіп, Париж Олимпиадасына жолдама алды.

Зағребетгі жеңіс – Айдостың спорттық ғұмырындағы ең биік шыңдардың бірі десек болады. 9:0 есебі оның техникалық шеберлігін ғана емес, рухының мықтылығын да дәлелдеді. Айдос тек чемпион ғана емес, жастарға табандылықтың, арманға адалдықтың үлгісін көрсететін тұлға.

– Менің мақсатым – қазақ елін қуанту болды. Одан басқа қалауым болмады. Рингке шыққаннан кейін қасым да, құлағым да жаракат алды. Бірақ алтын алып келуім керек болды. Бокстан чемпиондар шығып жатыр, жақында еркін күрестен де жүлделі болды. Грек-рим күресінен де серпін бар екенін осылай көрсетуге әдемі мүмкіндік туды. Оны жіберіп алу қателік болар еді. Бұйырса, бұл жеңісім спортты сүйген жастарға үлгі болып, аразмыздан тағы да бірнеше әлем чемпионы шығады деп үміттенмін, – дейді ел чемпионы Айдос.

Қызылорда облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының ресми мәліметінше, бүгінде аймақта жалпы саны 1490 спорт нысаны жұмыс істеп тұр. Бұл көрсеткіш өңірдің әрбір мың тұрғынына шаққанда спорт инфрақұрылымымен қамтылу деңгейін 46,2%-ға жеткізіп отыр. Мамандардың айтуынша, кейінгі жылдары салаға бағытталған мемлекеттік қолдау мен жергілікті бастамалардың арқасында бұқаралық спортқа деген қызығушылық айтарлықтай артып келеді. Нәтижесінде, тек биылдың өзінде ғана 342 мыңнан астам қызылордалық, яғни облыс халқының 40,4%-ы спортпен жүйелі түрде айналысып жүр. Бұл – халық денсаулығына жасалған үлкен инвестицияның нақты жемісі.

Бүгінде аймақта 22 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Мұнда спорттың 46 түрі қамтылған. Әр мектепте білікті 670 жаттықтырушы-оқытушы жас буынды спортқа баулып, 22655 спортшыны тұрақты оқу-жаттығу процесімен қамтамасыз етуде. Бұл – Айдос секілді болашақ чемпиондардың қалыптасуына жол ашатын мықты база.

Кейінгі жылдары Сыр өңірінің спорт саласындағы жетістіктері де көңіл қуантады. Жергілікті спортшылар халықаралық ареналарда да өзін танытып жүр. Атап айтқанда, жуырда олар Әлем кубогында 2 алтын, Азия чемпионатында 1 күміс жүлде иеленді. Бұдан бөлек, соңғы статистика мәліметі бойынша, Қазақстан чемпионаттары мен кубоктарында қызылордалықтар 67 алтын, 27 күміс, 34 қола медальді қанжығасына байлаған. Бұл жетістіктер өңір спортының қарқынын көрсетіп қана қоймай, жас ұрпаққа үлгі болып отыр.

Сыр елі спортының даңқын көкке көтерген Айдос Сұлтанғали – ел мактанышы. Оның жетістігі жасөспірімдерге шабыт беріп, Қызылордадан шығатын болашақ чемпиондарға жол ашарына бек сенеміз.

Қорлан САРЫ

Адамзат тарихында азық-түлікті ұзақ уақытқа сақтап қалу – ең үлкен киындық болатын. Әсіресе аптап ыстық пен шөлді аймақтарда бұл мәселе тіпті күрделі еді. Бүгінде бізге үйреншікті болып кеткен тоңазытқыштар XIX ғасырда ғана пайда болды. Ал оған дейін адамдар тағамды қалай сақтады?

сактайтын берік материалға айналады. Қазіргі тілмен айтсақ, «био-термос».

Көне деректерге сүйенсек, күзде жыра немесе құбыр арқылы жертөлеге су толтырылып, қысқы суықта қатырылған. Ал жаз бойы тұрғындар сол мұзды пайдаланады. Кейбір жағдайларда мұз тіпті таудан әкелінген.

Яхчалдың жұмыс істеу принципі табиғи физикаға негізделген.

Күннің ыстығынан қорғау үшін кейде ғимараттың оңтүстігіне қалың қабырға тұрғызылған. Ол көленке беріп, судың тез қызуына жол бермейтін. Жылу алмасуды азайту үшін қабырғалары төменде қалың, жоғарыда жіңішкеріп орналастырылған. Қонустың төбесінде ауа шығатын тесіктің қалдырылуы – инженерлік ойдың шыңы.

Қала тұрғындарына мұз жеткізуші арнайы адамдар болған.

парсы шеберлері арнайы жүйе ойлап тапты: еріген су жиналып, қайтадан мұздатылған. Бұл суды үнемдеудің және мұз қорын сақтаудың тиімді тәсілі болды.

Персия – күндіз +50-70 градусқа дейін қызатын аптапты шөл елі. Бірақ түнде температура нөлге дейін төмендейтін. Осы табиғи ерекшелікті шебер пайдаланған парсылар түнгі суықпен мұз қатырып, күндіз арнайы жүйемен сақтап отырған.

2500 ЖЫЛДЫҚ ТОҢАЗЫТҚЫШ



Бұл сұрақтың жауабы біз ойлағаннан әлдеқайда қызық әрі таңғаларлық. Шамамен 2500 жыл бұрын парсы инженерлері шөл даланың ортасында электрсіз, жасанды сұйықтықсыз, тек табиғи заңдылықтарға сүйене отырып, мұз жасап әрі жыл бойы сақтап отырған. Бұл ғажайып құрылыс «яхчал» деп аталды.

Парсы тілінен аударғанда «яхчал» – «мұз шұңқыры» дегенді білдіреді. Бұл – жер асты бөлігі бар, жер үсті конус тәрізді, диаметрі мен биіктігі ондаған метрге жететін алып ғимарат. Көлемі кейде 5 мың текше метрге дейін барған. Жер асты бөлігі терең қазылып, айналасына баспалдақ жасалған. Екі метрден асатын қалың қабырғалары «сарудж» атты қоспадан дайындалды. Оның құрамында саз, құм, әк, жұмыртқа, ешкі жүні мен күл бар. Кепкен кезде бұл қоспа су өткізбейтін әрі жылууды



Төменгі есіктен ішке кірген салқын ауа жертөлеге түсіп, ондағы мұздың әсерінен одан әрі суып кететін. Ал жылы ауа қонустың төбесіндегі саңылаудан сыртқа шығып отырған. Бұл – желдету мен температураны төмендетудің ең қарапайым әрі тиімді жолы.

Кейбір яхчалдарда «бадгир» деп аталатын желқұбырлар орнатылған. Олар әлсіз самалды ұстап, ішке бағыттап, ғимараттың ішін қосымша салқындатқан. Шындығында, бұл – ежелгі кондиционердің бір түрі еді.

Олар жертөледегі баспалдақпен түсіп, мұзды үлкен құмыраларға бөліп алып, қалаға тасыған. Мұз тұрғындардың үйлеріне жеткізіліп, сусын салқындатуға, тағам сақтауға пайдаланылды. Тұрмыстағы «шағын мұз қоймалары» дәл осы мұзбен толтырылып отырған.


Парсылар тек тағам ғана емес, салқын тәттілер де жасаған. Солардың бірі – бүгінде танымал «фалуде» атты мұзды десерт. Мұз ерімей тұрмайды. Сондықтан

Яхчалдар тек Персияда ғана емес, көрші Ауғанстан мен Тәжікстан аумағында да кең тарады. Олар XX ғасырға дейін қолданылды. Бүгінде Иранның Керман провинциясында жақсы сақталған үлгілерін көруге болады. Тіпті қос қабатты ерекше яхчалдар да бар.

Қазір «яхчал» сөзі Иран, Ауғанстан және Тәжікстанда «тоңазытқыш» мағынасында қолданылады. Бұл – көне өнертабыстың халық жадынан өшіпегенінің белгісі.

Көне парсылардың бұл өнертабысы – тек мұз сактайтын қойма емес, мыңдаған жылға созылған инженерлік дәстүрдің куәсі. Табиғат заңдарын терең түсінген халық қарапайым құралдармен ғаламат ғимараттар тұрғызып, тіршілігін жеңілдеткен. Бүгінгі энергия үнемдеу мен экологиялық таза технологиялар дәуірінде яхчал тәжірибесі әлі де құнды.

А.МАРАТҚЫЗЫ



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Кейде күнделікті күйбеннен қол үзіп, бір сәт Жер ғаламшарының тұтас болмысы туралы ойланған қызық. Біз тыныстап жүрген ауа қайдан пайда болды? Біздің ғұмырымызға тіршілік қуатын беріп тұрған табиғат заңдылықтары қалай жұмыс істейді? Адамзат ғасырлар бойы «Жердің өкпесі» деп әспеттеп келген Амазон орманы шынымен бізге оттегінің негізгі бөлігін сыйлап отыр ма? Әлде бұл көпшілік сеніп келген аңыз ғана ма? Ғалымдардың соңғы зерттеулері осы сұрақтарға күтпеген жауап ұсынды. Қарастырайық...

Әлем картасына көз салсақ, Амазон тропикалық орманы ең үлкен жасыл белдеу екенін көреміз. Мұндайда «Жердің өкпесі» деген атаудың бекер қойылмағандай көрінуі заңды. Тіпті осы тропик орман ғаламдық оттегінің бестен бірін бөлетініне сенеміз. Бірақ ғалымдар бұл фактінің де, метафораның да ғылыми тұрғыда қате екенін айтады. Яғни орманның оттегі қорына ықпалы азғантай ғана екен.

Ал енді Жер атмосферасының құрамына назар аударайық. Ондағы көмірқышқыл газының үлесі жарты пайызға жетер-жетпес, ал оттегінің мөлшері – 21%. Массачусеттегі Woods Hole зерттеу орталығындағы Амазон бағдарламасын басқаратын Майкл Коэның айтуынша, атмосферамызда Жердегі оттегінің бестен бірін шығаруға жетерлік көмірқышқыл газының қоры жоқ. Орман көмірқышқыл газының әрбір молекуласын жұтқан сайын, дәл сол мөлшерде оттегі өндіріп шығарады. Мұндай жағдайда Амазон тропик орманының ғаламшардағы оттегінің едәуір бөлігін өндіріп шығуы мүмкін емес.

Оксфорд университетінің экокүйелер маманы Малхи Ядвиндер 2010 жылғы есептеуіне сүйеніп, құбырдағы фотосинтездің үштен бірінен астамы, нақтырақ айтқанда, 34%-ы тропик ормандарға тиесілі екенін айтады. Жер аумағы бойынша, тропик ормандардың шамамен жартысы Амазон алабына тиесілі. Осылай есептеп көргенде,

құрлықта шығатын оттегінің шамамен 16%-ы дәл осы тропик орманның еншісіне жатады. Ал мұхиттағы фитопланктондар өндіретін оттегіні қоса есептесек, әлемде шығатын оттегінің 9%-ы ғана Амазон алабына тиесілі болмақ.

Журналист Катарина Циммер осы тақырыптағы зерттеу жұмысында жасушалық тыныс алу жөнінде де жазған еді. Ағаш оттегіні шығарып қана қоймай, оны қайта жұтатыны да бар. Бұл құбылыс «жасушалық

Колорадо штаты университетінің атмосфера зерттеушісі Скотт Денниннің айтуынша, біз бүгінде дем алып жүрген оттегі – мұхиттағы фитопланктондардың миллиардтаған жыл бойы үздіксіз бөліп, біртіндеп жиган мұрасы. Соның арқасында атмосфера қазіргі күйіне жеткен. Сан-Паулу университетіндегі Озық зерттеулер институтының климаттанушы ғалымы Карлос Нобре «Амазон алабының биологандығы жайлы айтып жүргендер аз.

АМАЗОН ОРМАНЫ РАСЫМЕН ЖЕРДІҢ «ӨКПЕСІ» МЕ?



тыныс алу» деп аталады. Өсімдік күні бойы жинаған қантты энергияға айналдыру үшін оттегіні пайдаланады. Осылайша, күн сәулесі түспей, фотосинтез тоқтап қалатын түнгі уақытта ағаш өзі шығарған оттегіні қайта «жұта» бастайды. Дәл осы секілді ормандағы ағаштар өзі өндірген оттегінің жартысынан сәл астамын осылайша қайта жұтады. Ал қалған бөлігін Амазон алабында тіршілік ететін сансыз микроағзалар пайдаланады. Олар оттегіні тұтына отырып, орман төсін жауып жатқан өлі органикалық қалдықтарды ыдыратады.

Шын мәнінде, ол Жер бетіндегі ең бай экожүйе. Алайда климат өзгерісі мен тропик орманның жойылуы ұлы қазынаға қатер төндіріп отыр» дейді.

Міне, әлем ғалымдарының пікірі, дерегі осындай. Қорытындылай келе, орманның әлемдік маңызын көрсету үшін оны өкпеге теңейді. Ал зерттеушілер бұл салыстырудың қисынға келмейтінін айтады. Түптеп келгенде, өкпе оттегіні бөліп шығармайды, керісінше оны ішке тартады.

Инжу МАРЖАН

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			
Ақмешіт ЖАСТАРЫ Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған.	БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ		Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН		Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz
			Кезекші редактор: Нұршат НЫШАНОВА Таралымы: 6479 Тапсырыс: 1626